

**Қазақстан Республикасы білім және ғылым министірлігі
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы**

Қаратау құрылыс – техникалық колледжі



**Қаратау құрылыс – техникалық колледжінің 2020-2021оқу
жылында жүргізілген оқу, оқу – әдістемелік, ғылыми –
шығармашылық және тәрбие жұмыстары бойынша қорытынды
ЕСЕБІ**

Қаратау 2021 жыл

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ.....	5
1.	ОҚУ ОРНЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ.....	6
1.1.	Колледждің құрылымы және материалдық -техникалық базасы.....	6
1.2.	Оқытушылардың сандық және сапалық құрамы.....	8
2.	ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР.....	9
2.1.	Оқу жұмысы.....	9
2.2.	Оқытушылардың оқу жүктемелері.....	14
2.3.	Білімгерлердің оқу үлгерімі және қозғалысы.....	14
2.4.	Әдістемелік жұмыстар.....	18
2.4.1.	2020-2021 оқу жылындағы колледж педагог кадрларының біліктілігін арттыру туралы мәлімет.....	27
2.4.2.	2020-2021 оқу жылындағы колледж педагог ккадрларының мекемеден біліктілігін арттыру туралы мәлімет.....	27
2.4.3.	2020-2021 оқу жылындағы колледж педагог кадрларының мекемеден біліктілігін арттыру туралы мәлімет.....	28
2.4.4.	Облыстық, республикалық және халықаралық семинар-кеңестерге, конференцияларға оқытушылар мен студенттердың қатысуы.....	28
2.4.5.	Оқу процесіне енгізілген инновациялық технологиялар.....	29
2.4.6.	Семинарлар.....	30
2.4.7.	Циклдік-әдістемелік комиссиялар бойынша әдістемелік кабинеттің сараптамасы.....	31
2.4.8.	Апталықтар.....	32
2.4.9.	Ашық сабақтар.....	41
2.4.10.	Олимпиадалар.....	41
2.4.11.	Байқаулар.....	42
2.4.12.	Ғылыми - ізденіс жұмысы.....	43
3.	АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ.....	45
3.1.	Ақпараттық - коммуникативтік технологиялары.....	45
3.2.	Қашықтықтан оқыту технологиясы.....	47
3.3.	Ақпараттық технологияларды оқу үрдісіне қолданылуы туралы.....	48
3.4.	Оқу орнының және edupage.kctk.com сайтының жұмысы.....	50
3.5.	Білімгерлердің білімін бағалау жұмыстарында ақпараттық технологияларды қолдану және жетілдіру.....	52
3.6.	Электрондық оқулықтар дайындау.....	53
3.7.	Сапа менеджменті жүйесі бойынша қабылданған іс-шаралардың орындалуы, номенклатуралық іс-қағаздардың айналымы ішкі аудит жұмыстарының жүргізілі.....	54
3.8.	Қашықтан оқыту технологиялары.....	56
4.	КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ.....	58
4.1.	Оқырмандар құрамы.....	58
5.	ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ.....	60
5.1.	Басқа діни ағымдар бойынша тіркеуде тұрған білімгерлермен жұмыс.....	62
5.2.	Жүргізілген рейдтер және ақпарат	63

5.3.	Жайсыз отбасы ретінде тіркеуге алынған отбасылармен жұмыс.....	65
5.4	Құқық бұзушылықтың алдын алуға арналған жұмыстар Құқық	66
5.5	Қашықтықтан оқыту кезеңінде жүргізілген тақырыптық тәрбие сағаттары мен жұмыстары.....	68
5.6.	Кәсіби бағдарлау жұмысы	69
5.7.	Қоғамдық негіздегі ұйымдастырылған колледждің топ жетекшілері, студенттер кеңесі және жастар комитеті мен «Қыздар –ай» клубының жұмыстары.....	71
5.8.	Жастар ісі жөніндегі комитетінің жұмысы.....	71
5.9.	«Қыздар-ай» өыздар кеңесінің жұмысы.....	75
5.10.	Дене шынықтыру мен спортты дамыту үйрмелер.....	76
5.11	Колледж жатақхана кеңесінің жұмысы.....	78
5.12.	Қамқоршылық кеңесі жұмысының орындалуы	79
6.	«ЖАСЫЛ ЕЛ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ЕҢБЕК СЕМЕСТРЫ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР.....	80
6.1.	«Жасыл ел» бағдарламасы	80
7.	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫҢ «ТІЛ ТУРАЛЫ» ЗАҢНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ БОЙЫНША ЖӘНЕ ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУДІ НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР.....	81
8.	ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ОҚУ - ӨНДІРІСТІК ІС – ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҰЙЫМДАТЫРЫЛУЫ.....	81
8.1.	Оқу шеберханалары. Оқу іс-тәжірибелерінің жүргізілуі жұмысшы кұзіреттілігі бойынша чемпионаттар ұйымдастыру.....	85
8.2.	Техникалық үйрмелердің жұмыстары.....	86
8.3	Дуальді оқытуда әлеуметтік серіктестермен жұмыс.....	87
8.4	Өндірістік тәжірибелердің ұйымдастырылуы.....	88
9.	МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІКТІЛІК ЕМТИХАНДАРЫ МЕН ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ.....	93
9.1	Мемлекеттік емтихандардың қорытындысы.....	93
10	ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАР.....	97
11.	БІТІРУШІ КУРС БІЛІМгерлерін алдын ала жұмыспен ҚАМТУ.....	98
12.	ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕНЕСІ ЖӘНЕ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР.....	98
13.	КОЛЛЕДЖІШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ.....	99
13.2.	Колледжішілік бақылау және тексеру.....	100
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	101
	ҚОСЫМШАЛАР.....	102

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ҚАРАТАУ ҚҰРЫЛЫС – ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

«Бекітемін»

Колледж директоры, т.ғ.к.

_____ Д. Маселбеков

«29» маусым 2021 жыл

Қаратау құрылыс – техникалық колледжінің 2020-2021 оқу жылында
жүргізілген оқу, оқу – әдістемелік, ғылыми – шығармашылық және тәрбие
жұмыстары бойынша қорытынды

Е С Е Б І

Қаратау 2021 жыл

КІРІСПЕ

Қаратау құрылыс – техникалық колледжі ұжымы 2020- 2021 оқу жылында оқу –әдістемелік, оқу –өндірістік және тәрбие жұмыстары мен оқу үрдісі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және Білім және ғылым министрлігінің нормативтік - құқықтық актілеріне сәйкес ұйымдастырылып жүргізілді.

Жаһанды шарлаған короновирустық инфекция адам өмірі мен тіршілігіне кері әсерін тигізіп білім беру процессіне тиісті өзгерістер енгізді.

2020-2021 оқу жылында 2-4 курс білімгерлері үшін оқу үрдісі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 13-ші тамыздағы 345 және 3 қыркүйектегі 381-ші бұйрықтарының №1 қосымшасына сәйкес қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша ұйымдастырылды.

Ал оқу жылының екінші жарты жылдығынан бастап, яғни 2021 жылғы 26 қаңтардан бірінші курс білімгерлері штаттық режимде оқытылды.

I. ОҚУ ОРНЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Қаратау құрылыс -техникалық колледжі (бұрынғы Қаратау тау-кен құрылыс техникумы) 1963 жылы 9 мамырда Қаз ССР жоғарғы және орта арнаулы білім министрлігінің №378 бұйрығымен Қаратау таукен – химиялық комбинатының базасында ашылды. *(Қосымша -1)*

Бүгінгі таңда, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының мемлекеттік лицензиясына сәйкес (серия АБ №0048173) 2016-2017 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде білім беру қызметін төмендегі көрсетілген мамандықтар бойынша жүргізді.

- 0707.000 «Тау-кен электрмеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу»
- 0809.000 «Мұнай және газ кен орындарын пайдалану»
- 0816.000 «Химиялық технология және өндіріс»
- 0902.000 «Электрмен қамтамасыз ету»
- 1201.000 «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану»
- 1305.000 «Ақпараттар жүйесі»
- 1401.000 «Үймәреттер мен ғимараттар салу және пайдалану»
- 1405.000 «Газ жабдықтау мен жүйелерді монтаждау және пайдалану»
- 1410.000 «Автомобиль жолдары мен аэродромдар салу»

1.1. Колледждің құрылымы және материалдық -техникалық базасы

Оқу орнының құрылымы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылдың 17-ші мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі» негізінде және тектес мамандықтар мен арнайы, жалпы білім беретін пәндердің ерекшеліктерін ескеріп 2018 жылғы 31 тамызда педагогикалық кеңестің шешімімен Қаратау құрылыс -техникалық колледжінің құрылымы бекітілді. *(Қосымша -2)*

Колледждің күндізгі бөлімінде оқу үрдісін тиімді ұйымдастырып, жүргізу мақсатында тектес мамандықтар бойынша 2 оқу бөлімі құрылған:

- Химиялық және техникалық оқу бөлімі

- Құрылыс және электромеханикалық оқу бөлімі.

Сонымен қатар мамандықтарға байланысты және арнайы оқу пәндері негізінде 4 циклдік-әдістемелік комиссиялар жұмыс жұмыс істеді.

Олар :

- «Жалпы және әлеуметтік – қоғамдық білім беру пәндер»
- «Арнайы ақпараттық -химиялық технологиялары және техникалық білім беру пәндері»
- «Арнайы құрылыс және электрмен қамту білім беру пәндері»

Циклдік- әдістемелік комиссияларға бекітілген барлық оқу пәндерінің жұмысшы оқу бағдарламалары модульдік-рейтингтік жүйе негізінде жасалынып, оқу сабақтары ұйымдастырылып жүргізіледі. Білімгерлердің білімі шектік аралық және қорытынды аттестациялар жүргізілуі кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығымен бекітілген «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің» үлгілік қағидалары басшылыққа ала отырып бағаланады.

Оқу сабақтары мен іс-тәжірибелері, шектік және аралық аттестациялар 2020-2021 оқу жылына жұмысшы оқу жоспарлар негізінде әзірленген оқу үрдісінің кестесіне сәйкес жүргізіліп отырды.

Сонымен қатар білімгерлер контингентінің қозғалысын, сынақ-емтихандар мен аралық аттестациялардың уақытында өткізілуін, білімгерлердің үлгерімі мен оқу сабақтарға қатысуын қадағалауды және оқу үрдісі бойынша жүргізілген іс-шаралардың тиімді ұйымдастырылып жүргізілуін бақылауды, білім алушылардың іс-қағаздарын уақытында толтырып, жүргізілуін қамтамасыз ететін «Мониторинг, тестілеу, қашықтықтан оқыту және сапа менеджменті» бөлімі жұмыс істейді.

Оқытушылардың біліктілігін көтеруде жүргізілетін оқу пәндерінің оқу-әдістемелік кешендік құжаттармен қамтылуын және тәлімгерлік жұмыстарды өз деңгейінде жүргізілуін қамтамасыз етуде әдістемелік кабинет жұмыс істеді.

Білімгерлер арасында оқу - тәрбие, мәдени - көпшілік және тәртіп бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын тиімді жүргізу мақсатында әр түрлі комиссиялар мен кеңестер құрылған.

Колледждің материалдық-техникалық базасы 4 қабатты бас оқу ғимараты мен қосалқы нысандарда орналасқан.

Оқу ғимараты мен нысандардың жалпы аумағы мен сыйымдылығы №1 кестеде және қосымшада көрсетілген (қосымша №3).

Кесте №1.

№ р/с	Бөлімшелер аты	Саны	Көлемі (м ²)	Бірмезгілдік сыйымдылығы
1	Оқу корпусы	1	3620	450
2	Жатақхана	1	402	75
3	Оқу залы	1	78	50
4	Акт залы	1	132	195
5	Асхана	1	36	25
6	Шеберхана	6	268	50
7	Медкабинет	1	48	
8	Жабық спорт кешені	1	540	75
9	Ашық спорт сауықтыру алаңы	1	2100	150

1.2. Оқытушылардың сандық және сапалық құрамы

Колледждегі педагог қызметкерлердің 2020-2021 оқу жылында саны - 40 педагог; оның ішінде жоғарғы -14, бірінші - 13санатты, педагог-шебер - 2, педагог-зерттеуші - 1, педагог-сарапшы -1, педагог-модератор -1, сапалық көрсеткіші - **77,5%** пайызды құрайды.

2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда жалпы педагогтар саны -51, оның ішінде жоғары санатты -21, пайызы – 41,2%; бірінші санатты -16, пайызы – 31,4%; екінші санатты -10, пайызы – 19,6%; санаты жоқтар - 5, пайызы – 9,8%. (қосымша 2 кесте және мониторингісі жасалды).

№	Жалпы педагог саны	Жоғары санатты	пайыз	Бірінші санатты	пайыз	Екінші санатты	пайыз	Санаты жоқ	пайыз
2019-2020 оқу жылындағы сапалық көрсеткіші (қыркүйектен)									
1	51 (қыркүйек)	21	41,1 %	16	31,3%	10	19,6%	5	9,8%
2020-2021 оқу жылындағы сапалық көрсеткіші (қаңтардан)									
2	40 (қаңтар)	17	42,5 %	14	35%	7	17,5%	2	5%

2019-2020 оқу жылындағы сапалық көрсеткіші-**72,5** құраған.

2. ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР

2.1. Оқу жұмысы

2020-2021 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» басшылыққа ала отырып және оқу үрдісі қашықтықтан оқыту технологиясы негізінде жалғастыруына байланысты Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 13 тамыздағы № 345 бұйрығы негізінде ұйымдастырылды.

Колледждің күндізгі бөлімінде оқу үрдісін тиімді ұйымдастырып, жүргізу мақсатында тектес мамандықтар бойынша 2 оқу бөлімі құрылған:

- *Құрылыс–электротехникалық оқу бөлімі*
- *Ақпараттық – химиялық технологиялары және техникалық оқу бөлімі*

Сонымен қатар мамандықтарға байланысты және арнайы оқу пәндері негізінде 3 циклдік-әдістемелік комиссиялар жұмыс жұмыс істеді.

Олар :

- «Жалпы және әлеуметтік - қоғамдық білім беретін пәндері» циклдік- әдістемелік комиссиясы
- «Арнайы ақпараттық – химиялық және техникалық білім беру пәндері» циклдік-әдістемелік комиссиясы
- «Арнайы құрылыс және электрмен қамту білім беру пәндері» циклдік-әдістемелік комиссиясы

Циклдік- әдістемелік комиссияларға бекітілген барлық оқу пәндерінің жұмысшы оқу бағдарламалары модульдік-рейтингтік жүйе негізінде жасалынып, оқу сабақтары ұйымдастырылып жүргізіледі. Білімгерлердің білімі шектік аралық және қорытынды аттестациялар жүргізілуі кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 Бұйрығымен бекітілген «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің» үлгілік қағидалары басшылыққа ала отырып бағаланады.


Оқу сабақтары мен іс-тәжірибелері, аралық және қорытынды аттестациялар 2020-2021 оқу жылына жұмысшы оқу жоспарлар негізінде

әзірленген оқу үрдісінің кестесіне сәйкес жүргізіліп отырды.

Өндірістік және санитарлық нормаларға сәйкес оқу сабақтарын тиімді ұйымдастырып жүргізу үшін төмендегі көрсетілген оқу топтары құрылды:

2019-2020 оқу жылында	2020-2021 оқу жылында
күндізгі бөлімде 26 оқу тобы	күндізгі бөлімде 21 оқу тобы
сырттай бөлімде 16 оқу тобы	сырттай бөлімде 11 оқу тобы

Қаратау құрылыс-техникалық колледждің оқу топтар бойынша көрсеткіштер:



Жаһанды шарлаған короновирустық инфекция адам өмірі мен тіршілігіне кері әсерін тигізіп білім беру процессіне тиісті өзгерістер енгізді. 2020 жылғы 16 наурыздан оқу орнында оқу үрдісі Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің ағымдағы жылғы 14-ші наурыздағы 108-ші мен 1 сәуірдегі 123-ші бұйрықтарының №1 қосымшасына сәйкес қашықтықтан оқыту технологиясына көшірілді.

2020-2021 оқу жылы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 13-ші тамыздағы № 345 бұйрығына сәйкес қашықтықтан оқыту технологиясы негізінде ұйымдастырылды.

Оқу сабақтар 2021 ж. 31 наурызына дейін <https://zhambyltypo.kz/> сайт арқылы жүргізілді, сынып жұмыстары мен үй тапсырмаларын контенті (тапсырма, презентация, бейнероликтерге сілтемелер) сайтқа жүктелген. Колледж әкімшілігі тарапынан күнделікті мониторинг жүргізілген, электрондық журнал уақытында толтырмаған оқытушыларына тиісті шара қолданылды, яғни жіберілген

кемшіліктеріне байланысы ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс берілген. 2021 ж. 31 наурыз айында Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы мен ТОО «Benediximus» арасында zhambyltypo.kz платформасына жасалынған келісім шарты бұзылуына байланысты сәуір айында оқу сабақтар Google Class room тегін платформада жалғастырылған. Мамыр айынан бастап <https://kctk.edupage.org/> платформамен колледж тарапынан келісім шарт жасалынып, колледжінің жеке парақша ашылып оқу сабақтардың контенті (оқу тәжірибесі) салынып отырды. Сонымен қатар сабақтар Zoom, Google Meet, Whats app қосымшалар арқылы жүргізілді және оқытушылар бейне сабақтар түсіріп колледж <https://www.youtube.com/> каналына орналасқан, бүгін таңда 87 (68 сабақ қаңтар айында) сабақ орналасқан.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 28.12.2020 ж. 548 бұйрығымен «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығына өзгерістер енгізілгені есекере отырып 2021 ж. 26 қаңтар айынан бастап 1 курс студентерге оқу үрдісі аралас форматында ұйымдастырылған. Оқу аудиториялар дайындалып, сабақ кестесі аталған ұсынымдардың талаптарға сай жасалынып, шағын топтарға бөлініп оқу үрдісі жалғастырылды.

2017 жылдан бастап «Баршаға арналған тегін кәсіптік техникалық білім» жаңа жобасы іске қосылды.

«Баршаға арналған тегін кәсіптік техникалық білім» жобасының мақсаты – жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету, жұмыс кадрларын көбейту және қалаған адамдардың бәрін тегін техникалық және кәсіптік біліммен (бұдан әрі – ТжКБ) қамту.

Жобаның міндеттері:

- барлық қалаған 9-шы сынып түлектерін тегін алғашқы жұмысшы біліктілігімен 100 %-дық қамту;
- мектептің 10–11-ші сынып оқушыларын қолданбалы біліктіліктермен қамтамасыз ету;

- жұмысшы біліктіліктері бойынша колледжде оқитын студент санын арттыру (2020 жылға қарай 40 % дейін);
- жұмыссыз, өзін өзі жұмыспен қамтушы және біліктіліксіз жұмысқа тұрған жастарды жұмысшы біліктілігімен қамтамасыз ету;
- кадрларды үздіксіз, икемді кәсіптік даярлауды қамтамасыз ету.

«Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» Елбасының 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауын Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша «2017 жылдан бастап «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім» жаңа жобасын енгізу» 39-т. орындау мақсатында және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысының 2016 жылғы 16 мамырдағы № 3406-1 тапсырмасының негізінде «2017 жылдан бастап «Баршаға арналған тегін кәсіптік- техникалық білім» жаңа жобасын енгізу бойынша жол картасы бекітілді және оған келесі кезеңдер кіреді:

- нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
- ТЖКБ-мен бірге кадрлар даярлауды қамтамасыз ету;
- Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасының аясында ТЖКБ-мен бірге кадрлар даярлау;
- еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен дағдылар бойынша жұмысшы кадрларды қысқамерзімдік кәсіптік оқыту;
- инженерлік-педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- ТЖКБ беделін арттыру;
- Ақпараттық жұмыс.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында Қаратау құрылыс-техникалық колледжінде Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығы негізінде алты мамандық бойынша жұмысшы оқу жоспарлар әзірленіп, бекітілген.

1. Мамандығы 0707 000 «Тау кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу»

Біліктілігі

- 0707112 Автоматика мен өлшеуіш құралдарын жөндейтін және қызмет

көрсететін электр слесарі

- 0707122 Электр қондырғыларына қызмет көрсететін электр жөндеушісі
- 0707 193 электромеханик

2. Мамандығы 0902 000 «Электрмен қамтампазыз ету»

Біліктілігі

- 0902012 Тарату құрылғылардың электромонтажнігі
- 0902033 Технік электрік

3 Мамандығы

Біліктілігі

- 0816022 Химиялық талдау зертханашысы
- 081604 2. "Аппаратшы
- 0816043. Технік-технолог

4.Мамандығы 1201000 Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану

Біліктілігі

- 1201072 Автокөлікті жөндеу слесарі
- 1201062 Автокөліктердің электр құрылғыларын жөндеуші электрік
- 1201123 Технік механик

5. Мамандығы 1401 000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану»

Біліктілігі

- 1401202 Құрылыстың құрғақ әдіс жөніндегі маманы
- 1401242 Кең бейінді құрылыс шебері
- 1401213 Технік-құрылысшы
-

6. Мамандығы 1405 000 «Газбен қамтампазыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану»


Біліктілігі

- 1405012 Газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі
- 1405022 Газ шаруашылығында апатты қалпына келтіру жұмыстарының слесарі
- 1405043 Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану технигі

2.2 ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕЛЕРІ

2020-2021 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс – 40459 сағат қарастырылып бекітілген, өткен жылымен салыстырылғаны, кестеде көрсетілген

	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы
Мемлекеттік тапсырыс	40565	31501



Колледж оқытушыларына Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» 52 бабына сәйкес педагогикалық жүктемесі бөленгені, өткен жылымен салыстырылғаны, кестеде көрсетілген

Оқытушылардың саны	Педагогикалық жүктемесі			ЕСКЕРТУ
	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	
1,5 ставка	1		1	2020-2021 оқу жылында 0,5 ставка педагог жүктемесі 9 оқытушы - әкімшілік қызметкерлері, 2 оқытушы өндірістен шақырылған жоғары кәсіби мамандарға жүктелген
1 ставка	30	28	28	
0,5 ставка	23	26	13	
Барлығы	54	54	42	

2.3 БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ҮЛГЕРІМІ ЖӘНЕ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес өткізілген шектік, аралық аттестациялардың қорытындысы негізінде күндізгі бөлім білімгерлердің оқу үлгерімі мен сапасына оқу пәндері мен топтар бойынша мониторинг

жүргізіліп отырды.

Білімгерлердің оқу үлгерімі мен сапасы директорлық мәжілістерде қаралып тиісті шешімдер қабылданды. Қабылданған шешімдердің тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін нақты іс-шаралар жасалынды және колледж ішілік барлық деңгейде қадағаланып отырды.

2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша күндізгі бөлім білімгерлердің (мемлекеттік тапсырыс оқитын білімгерлердің) жалпы оқу үлгерімі 94,6 пайыз, ал сапасы – 63,5 пайыз.

Колледж бойынша соңғы 3 жылдың күндізгі оқу бөлім бойынша үлгерім көрсеткіштері кестеде көрсетілген

	2018-2019 оқу жылы		2019-2020 оқу жылы		2020-2021 оқу жылы	
	I жарты жылдығы	II жарты жылдығы	I жарты жылдығы	II жарты жылдығы	I жарты жылдығы	II жарты жылдығы
Мемлекеттік тапсырыс негізінде	90	92,82	97,6	100	98,3	94,6
Ақылы негізінде	100					

Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің күндізгі оқу бөлім бойынша сапа көрсеткіштері

	2018-2019 оқу жылы		2019-2020 оқу жылы		2020-2021 оқу жылы	
	I жарты жылдығы	II жарты жылдығы	I жарты жылдығы	II жарты жылдығы	I жарты жылдығы	II жарты жылдығы
Мемлекеттік тапсырыс негізінде	66	67,2	71,5	59,6	62,9	63,51
Ақылы негізінде	75					

2020-2021 оқу жылының басында колледж бойынша жалпы контингент саны 458 білімгер, күндізгі бөлім бойынша 458 білімгер білім алуда, оның ішінде

мемлекеттік тапсырыс негізінде	371 білімгер
ақылы негізінде	2 білімгер
Қашықтықтан оқыту сырттай бөлім негізінде	85 білімгер.

Күндізгі бөлім бойынша

№	Мамандықтар	2020-2021 оқу жылы	соның ішінде	
			мемлекеттік тапсырыс	ақылы негізінде

1	0707 «Тау кен электромеханикалық жабдықтарын техникалық күту және жөндеу» (3 жыл 10 ай)	13	13	
2	0816 «Химиялық технология және өндіріс» (3 жыл 10 ай)	82	82	
3	0902 «Электрмен қамтамасыз ету» (3 жыл 10 ай)	52	52	
4	1201 «Автомобиль транспортын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (3 жыл 10 ай)	65	65	
5	1305 «Ақпараттық жүйелер» (3 жыл 10 ай)	57	55	2
6	1401 «Ғимараттар мен үймәреттерді салу және пайдалану» (3 жыл 6 ай)	49	49	
7	1405 «Газ жабдықтау жүйелері мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану» (3 жыл 10 ай)	55	55	
Барлығы		373	371	2

Қашықтықтан оқыту сырттай бөлім негізінде

№	Мамандықтар	2020-2021 оқу жылы	соның ішінде	
			мемлекеттік тапсырыс	ақылы негізінде
1	0101 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру»	23		23
2	0518 «Есеп және аудит»	6		6
3	0707 «Тау кен электромеханикалық жабдықтарын техникалық күту және жөндеу» (2 жыл 10 ай)	19		19
4	0809 «Мұнай және газ кен орындарын пайдалану»	5		5
5	0816 «Химиялық технология және өндіріс» (2 жыл 10 ай)	9		9
6	1201 «Автомобиль транспортын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (2 жыл 10 ай)	7		7
7	1305 «Ақпараттық жүйелер» (2 жыл 10 ай)	4		4
8	1401 «Ғимараттар мен үймәреттерді салу және пайдалану» (2 жыл 10 ай)	8		8
9	1405 «Газ жабдықтау жүйелері мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану» (2 жыл 10 ай)	5		5
Барлығы		85		85

Осы оқу жылында күндізгі бөлім бойынша келген білімгерлер саны-6;
оның ішінде
қайта қабылдау 6

Қашықтықтан оқыту сырттай бөлім негізінде 13 білімгер оқу жылының
ішінде келген, атап айтқанда:
қайта қабылдау 13

Кеткен білімгерлердің себептеріне талдау жасайтын болса, төмендегідей
болып келеді:

күндізгі бөлім бойынша кеткен білімгерлер саны-128;
басқа оқу орнына ауысу 2
академиялық демалыс 13
Өз еркімен оқудан шыққандар 2
Қорытынды аттестацияға келмеуіне 5
оқу бітіруіне байланысты 106

**Қашықтықтан оқыту сырттай бөлім негізінде кеткен білімгерлердің
саны - 68; оның ішінде**
академиялық демалыс 1
өз еркімен
ішкі тәртіп ережесін орындалмағандар 6
оқу бітіруіне байланысты 61
академиялық демалыстың бітуіне 1
байланысты, колледжбен хабар
орнатылмағаны

2020-2021 оқу жылының ішінде жалпы кеткен білімгердің саны- 196

2021 жылғы 1-ші шілдегі жағдайға байланысты:
күндізгі бөлім бойынша контингент саны - 262 білімгер құрайды,
қашықтықтан оқыту сырттай бөлім негізінде - 19 білімгер,
жалпы колледж бойынша - 281 білімгер.

Күндізгі оқу бөлімі 01.07.2021 ж жағдайына контингент туралы мәлімет

№	Мамандығы	I-курс	II-курс	III-курс	Барлығы
1	0816 «Химиялық технология және өндіріс»		20	24	44
2	0902 «Электрмен қамтамасыз ету»	19	20	13	52
3	1201 «Автомобиль транспортын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	19	20	17	56
4	1305 «Ақпараттық жүйелер»	22		20	42
5	1401 «Ғимараттар мен үймәреттерді салу және пайдалану»	17		16	33
6	1405 «Газ жабдықтау жүйелері мен		20	15	35

	жабдықтарды монтаждау және пайдалану»				
Барлығы:		77	80	105	262

Қашықтықтан оқыту сырттай оқу бөлімі
01.07.2021 ж жағдайына контингент туралы мәлімет

№	Мамандығы	II-курс	III-курс	Барлығы
1	0707 «Тау кен электромеханикалық жабдықтарын техникалық күту және жөндеу»		6	6
2	0816 «Химия технология және өндіріс»		4	4
3	1305 «Ақпараттық жүйелер»		4	4
4	1405 «Газ жүйелері мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану»		5	5
Барлығы:			19	19

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы ҚР Білім туралы Заңына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім сапасына мониторингті жүргізілуі мақсатында «Жамбыл облысындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім сапасына мониторинг жүргізу ЕРЕЖЕСІ» бекітілген. Білім сапасын бағалау мониторингінің қойылған критерийлеріне сәйкес 2019 жылдың наурыз айынан бастап әр курсты білімгерлердің білім сапасы анықтау мақсатында сыртқы тәуелсіз бағалау <https://zhambyltypo.kz/> сайтында онлайн тестілеу арқылы жүзеге асырылған.

2020-2021 оқу жылына бекітілген колледжішілік бақылау жоспарына сәйкес оқу жылының ішінде жүргізілген жұмыстар үнемі бақылауда болған, атап айтқанда:

- Оқу журналдарының толтырылуын тексеру
- Модульдік-рейтинг негізінде шектік аттестацияны талдау
- Міндетті бақылау мен курстық жұмыстардың сапалы орындалуы
- Оқу-өндірістік іс тәжірибелер жүргізілуі және қорытынды есептер қабылдау мен сапасы
- Диплом жоба жұмыстар сапалы орындалуы және тб

Оқу жылының ішінде оқу журналдар әкімшілік тарапынан үнемі тексерілуде, тиісті беттерінде ескертулер, ұсыныстар мен кемшіліктер жазылған.

2.4. Әдістемелік жұмыстар

Колледждің стратегиялық мақсаты білім беруді жаңғырту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру, ғылыми, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының мазмұнын жақсарту, мамандарды даярлауда білім сапасын арттыру, халықаралық стандарттарға көшуді жүзеге асыру болып табылады. Колледж оқытушыларын кәсіби әдістемелік

шеберлікті жетілдіруде, біліктілігін арттыруда, ғылыми - зерттеу дағдыларын жақсартуда, озық тәжірибе мен әдістемені кеңінен қолдануда ықпал ету.

Колледж әкімшілігі " ҚР Білім туралы Заңы "(27.07.2007 ж.), Рухани жаңғыру "(12.04.2017 ж),«Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде оқу қызметтерін ұйымдастыру» № 345 (13.08.2020ж.), білім беруді жаңғырту мақсатында ҚР БҒМ нормативтік құжаттары, мемлекеттік саясаттың негізгі саяси бағыттарын іске асыруда.

Колледждің әдістемелік орталығының негізгі мақсаты: педагогтардың кәсіптік білімдері мен шеберлігін жетілдіру, олардың кәсіби біліктілігі мен өздігінен білім алуын жетілдіру үшін ақпараттық-әдістемелік база құру мен сапасын арттыру.

2020-2021 оқу жылында колледждің әдістемелік орталығы “Білім беру кеңістігін заманауи талаптарға сай ұйымдастыра отырып, педагогикалық ұжымның әдістемелік және кәсіптік қызметін басқару және үйлестіруді қамтамасыз ету” тақырыбы аясында жұмыс жүргізді.

Міндеттері:

- ✓ Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту, заманауи білім беру технологияларын, оның ішінде ақпараттық технологияларды оқу және олардың білім беру процесінде пайдалану процесін жандандыру.
- ✓ Пәндік комиссияның қызметін ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету.
- ✓ Оқу процесіне ақпараттандыру бағдарламасын енгізуде әдістемелік көмек көрсету.
- ✓ Педагогтік шеберліктерін ғылыми- теориялық және кәсіби деңгейде жетілдіру;
- ✓ Педагогтардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру тәсілі ретінде инновациялық, зерттеушілік қызметті ұйымдастыру;
- ✓ Талантты және дарынды білімгерлермен жұмыс жүйесінде зияткерлік әлеуетін дамыту;
- ✓ Колледж педагог қызметкерлерінің біліктілігін және кәсіптік шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету;

- ✓ Педагог қызметкерлердің оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер, оқу-әдістемелік қамту және білімді бақылау кешендерін әзірлеуіне көмектесу;
- ✓ "Рухани жаңғырту" және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалары аясында латын әліпбиінің енгізуіне, оқу үрдісінде пайдалануына ықпал жасау;
- ✓ Үштілді білім беру жағдайында әлеуметтік-мәдени және коммуникативті құзіреттіліктерді
- ✓ қалыптастыру;
- ✓ 11. Модульдік технологиялардың талаптары негізінде техникалық және кәсіптік білімнің мазмұнын жетілдіру;
- ✓ 12. "Рухани жаңғырту" және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламаларының өнегелік құндылықтары рухында тәрбиеленген маманның жоғары тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру;
- ✓ 13. Заманауи жасампаз қоғамды цифровизациялау үрдісінің басты бағыттары ретінде білім берудің цифрлік технологиясын енгізу, заманауи цифрлік технологияларға негізделген ұтқыр білім беру ортасын жасау.

Қызметтік бағыттары:

- ✓ Ғылыми-әдістемелік жұмыстар
- ✓ Ақпараттық қамтамасыздандыру
- ✓ Оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу
- ✓ Оқытушылардың кәсіби деңгейін арттыру
- ✓ Диагностикалық және бақылау – талдау қызметі

I. Әдістемелік қызметтің мақсаты мен міндеті және бағыттарына сәйкес колледждің 2020-2021 оқу жылында атқарған әдістемелік жұмысы

Әдістемелік кеңес 31.08.2020ж.

- ✓ 2019-2020 оқу жылына арналған колледждің жылдық оқу- тәрбие жұмысы жоспары, әдістемелік кеңестің, әдістемелік кабинеттің, «Педагогикалық шеберлік», «Озат тәжірибе» мектебінің жоспары, «Зерде» қоғамының жұмыс жоспары, оқу үрдісінде модульдік-құзыреттілік негізінде оқу-әдістемелік құжаттары мен оқу бағдарлама

жоспары, бөлімдердің, ЦӘК-дің, кітапхананың жоспарларын талдап бекіту

- ✓ 2020-2021 оқу жылында мамандықтар бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің 13.08.2020жылдың № 345 бұйрығы коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдстырылған оқу қызметтерін ұйымдастыруына байланысты 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы негізінде жұмысшы оқу жоспарлар дайындау, жалпы пәндер бойынша «Жаңартылған мазмұнды бағдарлама негізінде» оқу жоспарын дайындау және бекіту
- ✓ 2020-2021 оқу жылына арналған барлық мамандықтар бойынша оқу типтік бағдарламаға сай оқу-бағдарламаларын рәсімдеу және бекіту
- ✓ Тәрбие үрдісінде «Рухани жаңғыру» және «Мәңгілік Ел», «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалары аясында патриоттық бағыттың нәтижелілігі «Экстремизм және лаңкестік: жас адамдардың санасына әсері» тақырыптары бойынша тәрбиелік жоспарлар мен іс-шаралар бекіту
- ✓ 2020-2021 оқу жылына арналған модульдік, міндетті бақылаулардың, зертханалық - практикалық сабақтардың кестесін бекіту
- ✓ Барлық мамандықтар бойынша БҰАП-мен және қосымша пәндерді анықтау, ұсыныс беру, талқылау және бекіту
- ✓ Жас оқытушыларға тәлімгерлер бекіту
- ✓ Әр түрлі мәселелер (ұсыныс, сұраныстарды талқылау)

Әдістемелік кеңес 21.10.2020ж.

- ✓ «Педагогикалық шеберлік», «Озат тәжірибе» мектебінің жұмысы. Жас мамандармен әдістемелік кабинеттің, тәлімгерлердің жүргізіп жатқан жұмыс барысы, көмек көрсетілу деңгейі, шығармашылық топтардың жүргізіп жатқан жұмыс барысы.
- ✓ Аттестаттаудан өтетін педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлерінің тәжірибеден өту құжаттарын рәсімдеу, кәсіби жетістіктері туралы портфолио дайындау барысы
- ✓ Ағымдық және мемлекеттік емтихан материалдарының дайындалу сапасы
- ✓ Курстық және дипломдық жұмыс тақырыптарын бекіту

- ✓ Оқу-әдістемелік материалдардың электрондық түрде, бейне сабақтардың деректер банкін толықтыру. Оқытушылардың педагогикалық тәжірибесін сайтқа жария ету
- ✓ Әдістемелік нұсқаулар дайындау барысын мен оқу әдістемелік кешендерінің дайындалуы мен талқылау
- ✓ 1-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

Әдістемелік кеңес 23.12.2020ж.

- ✓ Қашықтан оқыту технологиясы негізінде оқытудағы пәндердің оқу-әдістемелік кешендің құжаттарымен бейне сабақтарымен қамтылуы, іс-қағаздарының жүргізілу деңгейі
- ✓ Ағымдық және мемлекеттік емтихан материалдарының дайындалу сапасы
- ✓ Колледж оқытушыларының онлайн режимде байқауларға қатысу. ЦӘК-тердегі оқытушылардың шығармашылық жұмыстарын педагогикалық басылымдарға жариялау барысын талдау
- ✓ Оқу топтарында топ жетекшілерінің тәрбие сағатын өткізу барысы, тәрбие сағаттарының әдістемелік әзірлемелерінің сапасы
- ✓ «Талапкер – 2021» креативті тобына қатысу
- ✓ 2-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

Әдістемелік кеңес 23.02.2021ж.

- ✓ Арнайы пәндер бойынша зертханалық-тәжірибелік сабақтарды орындау барысы, әдістемелік жағынан қамтылуы
- ✓ "Жалпы тілдер және әлеуметтік қоғамдық білім беру пәндері" ЦӘК-ң тәжірибесін жинақтау, қорытындылау және әдістемелік кеңеске шығару, тәжірибесін тарату
- ✓ Арнайы пәндердің курстық жұмыстардың орындалу деңгейі
- ✓ Оқытушылар мен білімгерлердің ғылыми-шығармашылық конференциясының өткізілу деңгейі, қорытынсы мен жетістіктері
- ✓ 3-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

Әдістемелік кеңес 21.04.2021ж.

- ✓ Топ жетекшілердің портфолиосын жүргізу тәртібі, ондағы құжаттарды талапқа сай орындалуы, бақылануы
- ✓ Мемлекеттік емтихан билеттерінің типтік бағдарламаға сай дайындалуы

- ✓ Демонстрациялық емтиханның ұйымдастырылуы, дайындалуы
- ✓ Инновациялық әдістерді енгізудің тиімді жақтарының мониторингін жасау. Үздіксіз жан-жақты кәсіптік білім беру талабын ескере отырып, білім беру үрдісінің мониторингін жасау (Инновациялық технологиялар, қосымша сертификаттар, т.б.)
- ✓ 4-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

Әдістемелік кеңес 22.06.2021ж.

- ✓ 2020-2021 оқу жылындағы әдістемелік кеңес және әдістемелік кабинет жұмысын қорытындылау.
- ✓ Оқытушылардың әдістемелік жұмыстарының мониторингісінің жүргізілу барысы. Оқытушылардың кәсіби деңгейін жоғарлату мониторингі (басылымдар, конференциялар, біліктілігін көтеру т.б.).
- ✓ Білімгерлердің, оқытушылардың және ЦӘК-тердің ғылыми-зерттеу қызметінің мониторингі (тақырыптары, баспа сөз, конференция, олимпиада, байқаулар т.б.)
- ✓ Колледж оқытушылардың кәсіби деңгейінің жоғарлауына мониторинг қорытындысын жасау және ұсыныс беру
- ✓ 2021-2022 оқу жылына ұсынылатын ұсыныстар
- ✓ 5-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

Әдістемелік кеңестің шешімі бойынша атқарылған жұмыстар

- ✓ 2019-2020 оқу жылына арналған колледждің жылдық оқу- тәрбие жұмысы жоспары, әдістемелік кеңестің, әдістемелік кабинеттің, «Педагогикалық шеберлік», «Озат тәжірибе» мектебінің жоспары, «Зерде» қоғамының жұмыс жоспары, оқу үрдісінде модульдік-құзыреттілік негізінде оқу-әдістемелік құжаттары мен оқу бағдарлама жоспары, бөлімдердің, ЦӘК-дің, кітапхананың жоспарлары бекітілді.
- ✓ Барлық мамандықтар бойынша 2020-2021 оқу жылына 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрық негізінде базандіріліп, жалпы пәндер бойынша «Жаңартылған мазмұнды бағдарлама негізінде» оқу жоспары жұмысшы оқу жоспарлары бекітілді
- ✓ Тәрбие үрдісінде «Рухани жаңғыру» және «Мәңгілік Ел», «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалары аясында патриоттық бағыттың

нәтижелілігі «Экстремизм және лаңкестік: жас адамдардың санасына әсері» тақырыптары бойынша тәрбиелік жоспарлар бекітілді

- ✓ Барлық ЦӘК жетекшілері ұсынған 2020-2021 оқу жылына арналған модульдік, міндетті бақылаулардың, зертханалық - практикалық сабақтардың кестесі бекітілді
 - ✓ Барлық мамандықтар бойынша БҰАП-мен және қосымша пәндерді анықталып, бекітілді
 - ✓ 2020-2021 оқу жылына тәлімгерлер жоспары бекітілді.
 - ✓ Әр түрлі мәселе бойынша 2020-2021 оқу жылында біліктілігін көтеру курстарына баратын оқытушылар тізімі бекітілді.
-
- ✓ 1-ші әдістемелік кеңестің шешімдері барлығы орындалды.
 - ✓ «Педагогикалық шеберлік», «Озат тәжірибе» мектебінің жұмысы жоспарына сай орындалуда. Жас мамандардың тізімі бекітіліп, жоспарға сай әдістемелік кабинетпен тәлімгерлердің жоспары бекітіліп, жұмыс жүргізілді. Колледждің жас маманы және өндіріс орнынан келген оқытушыларға оқу әдістемелік құжаттар мен сабақтарына көмек көрсетілуде.
 - ✓ Аттестаттаудан өтетін педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлерінің жеке жұмыс жоспары бойынша жұмыстың жүргізілу барысы колледж әдіскері тарапынан қадағаланды.
 - ✓ Ағымдық және мемлекеттік емтихан материалдарын оқу-әдістемелік құжаттармен қамтылып дайындау мен уақытылы орындалуы ЦӘК жетекшілері Ж.Уртаева, М.Жаңбырбай және Н.Субиновтарға жүктелді, жұмыстың сапалы орындалуы колледж әдіскері Н.Қошановаға жүктелді.
 - ✓ 2020-2021 оқу жылында ЦӘК жетекшілері Ж.Уртаева, М.Жаңбырбай және Н.Субиновтардың ұсыныстары негізінде арнайы пәндер бойынша курстық және дипломдық жұмыстарды тақырыптары талқыланып, бекітілді.
 - ✓ Оқу-әдістемелік материалдардың электрондық түрде деректер банкін толықтыру жұмыстары мен оқытушылардың педагогикалық тәжірибесін сайтқа жария ету әдіскер Ж.Уртаеваға жүктелді.
 - ✓ 2-ші әдістемелік кеңестің шешімдері барлығы орындалды.

- ✓ Қашықтан оқыту технологиясы негізінде оқытудағы пәндердің оқу-әдістемелік кешендің құжаттарымен бейне сабақтарымен қамту мен дайындау, бейнесабак түсірулердің уақытылы орындалуы ЦӘК жетекшілері Ж.Уртаева, М.Жаңбырбай және Н.Субиновтарға жүктелді, жұмыстың сапалы орындалуы колледж әдіскері Ж.Уртаева жүктелді.
- ✓ Колледж оқытушыларының онлайн режимде байқауларға қатысуларын ұйымдастыру колледж әдіскері Ж.Уртаеваға жүктелді. ЦӘК-тердегі оқытушылардың шығармашылық жұмыстарын педагогикалық басылымдарға жариялау ЦӘК жетекшілері Ж.Уртаева, М.Жаңбырбай және Н.Субиновтар тарапынан бақылауға алынсын.
- ✓ Оқу топтарында топ жетекшілерінің тәрбие сағаттары уақытылы өткізілуде, тәрбие сағаттарының әдістемелік әзірлемелерінің сапасы тексеріліп, директордың тәрбие ісі жөнінде орынбасары Ғ.Ибраимовтың қадағалауында.
- ✓ «Талапкер – 2021» креативті тобының жұмысы жаңдандырылсын.
- ✓ 3-ші әдістемелік кеңестің шешімдері барлығы орындалды.
- ✓ 2020-2021 оқу жылында арнайы пәндер бойынша тәжірибе сабақтарының өткізілу кестесі бекітілді, барлық пәндер бойынша әдістемелік нұсқаулықтары ЦӘК жетекшілер тарапынан бақылауға алынып, қамтамасыз етілді.
- ✓ "Жалпы тілдер және әлеуметтік қоғамдық білім беру пәндері" ЦӘК-ң тәжірибесін жинақтау, қорытындылау және әдістемелік кеңеске шығару, тәжірибесін тарату
- ✓ ЦӘК-ң жұмысы С.Аптауованың жетекшілігімен жаңартылған оқыту технология негізінде жүргізіліп жатқан жұмыстары үлгілік ретінде оқу іс-тәжірибесіне арналып жасалған модульдік блоктар негізінде жинақталған оқу әдістемелік кешендері жинақталып, қорытындылап, әдістемелік кеңеске шығарып, тәжірибесін таратылды.
- ✓ Арнайы пәндердің курстық жұмыстарды орындауға тапсырмалары, әдістемелік нұсқауларының бекітілуі Ж.Уртаева қадағлап, орындалуы деңгейі ЦӘК төрағалары Ж.Уртаева, М.Жаңбырбай, Н.Субиновтарға жүктелді.

- ✓ Оқытушылар мен білімгерлердің ғылыми-шығармашылық конференциясы ақпан айында өткізілуіне байланысты, оқытушылар тарапынан студенттердің жобалық тақырыптарын тағайындау, зерделеу жұмыстарын жүргізіп, қорытынсы мен жетістіктерін алда болатын конференцияға дайындау ЦӘК төрағалары жүктелді.
- ✓ 4-ші әдістемелік кеңестің шешімдері орындалды.
- ✓ Бөлім меңгерушілердің тарапынан топ жетекшілердің портфолиосын жүргізу тәртібі, ондағы құжаттарды талапқа сай орындалуы бақылануы жүктелді.
- ✓ Бітіруші курс білімгерлерінің және арнайы оқу пәндерінен кәсіби білімінің сапасын бағалау емтихандарының оқу-әдістемелік құжаттармен қамтылып, білімгерлердің кәсіби білімінің сапасын тәуелсіз бағалау емтихандарына сапалы дайындау ЦӘК жетекшілері Ж.Уртаева, Н.Субиновтарға жүктелді.
- ✓ 2020-2021 оқу жылының біліктілік емтиханын WorldSkills талаптары негізінде 1405.000 «Газ жабдықтау жүйесі мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану» мамандығы бойынша «Газ объектілері жабдықтарын пайдалану технигі» біліктілігі бойынша демонстрациялық емтиханның ұйымдастырылуы, құжаттарын дайындау
- ✓ Колледж оқытушыларының 2020 - 2021 оқу жылының кәсіби деңгейін жоғарылатуда инновациялық әдістерді енгізудің тиімді жақтарының мониторингі жасалды. Колледж оқытушыларының инновациялық технологияларды пайдалануда үздіксіз жан-жақты кәсіптік білім беру талабын ескере отырып, білім беру үрдісінің мониторингін жасалды.
- ✓ 5-ші әдістемелік кеңестің шешімдері орындалды.
- ✓ 2020-2021 оқу жылындағы әдістемелік кеңес және әдістемелік кабинет жұмысын қорытындылау.
- ✓ Колледж оқытушыларының әдістемелік жұмыстарының мониторингісінің жүргізілу ЦӘК төрайымдарына жүктеліп, талдау жүргізіліп, хаттамалары толтырылды.
- ✓ 2020-2021 оқу жылында колледж білімгерлерінің, оқытушылардың және ЦӘК-тердің ғылыми-зерттеу қызметінің бойынша яғни ғылыми-

зерттеу тақырыптары, баспа сөз, онлайн және офлайн конференция, олимпиада, байқауларының нәтижелерінің мониторингі жүргізіліп, қорытындысы жасалды.

- ✓ 5. Колледж оқытушылардың кәсіби деңгейінің жоғарлауына мониторинг қорытындысын жасалып, әдіскер тарапынан мониторинг құрылды. Келесі оқу жылына оңтайлы жұмыс жүргізуге ұсыныстар берілді.
- ✓ 2021-2022 оқу жылына ұсынылатын ұсыныстар есепке түсірілді.

2.4.1. Аттестаттаудан өткен оқытушылар туралы мәлімет

2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамыры № 202 бұйрығына сәйкес, аттестаттаудан өту мақсатында (мерзімнен бұрын/ кезекті) 5 педагог өздері өтініш берген санаттарына өтті. Оның 2- педагог-шебер, 1 – педагог-зерттеуші, 1 – педагог-сарапшы, 1- педагог-модератор. Жоспары, кестесі, іс-шаралары бекітілген. Жылдық жоспар негізінде 2020 жылы 5 оқытушы аттестаттаудан өтуге өтініш білдірген. 2020-2021 жылы кезекті аттестаттаудан өтетін педагогтар тесттен өткені жоқ. Толық мәліметі қосымша кесте 1 келтірілген.

2.4.2. 2020-2021 оқу жылының педагог кадрлардың біліктілігін арттыру туралы

2020-2021 оқу жылында өз біліктілігін жоспар бойынша 15 педагог көтеру қажет еді, жалпы колледж бойынша 79 біліктілікті арттыру курстары тіркелді. Оның ішінде «Talar» КЕАҚ Оқу-тренингтік орталығында «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы қашықтықтан оқыту», «Педагогтердің IT-құзіреттіліктерін дамыту және жетілдіру», «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде оқыту нәтижелерін бағалаудың негізгі компоненттері» , «Арнайы пәндерді (модульдерді)CLIL, TBLT әдістері және BOPPPS моделін қолдана отырып ағылшын тілін оқыту» , «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының сапасын басқару», «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында инклюзивті оқыту процесінің негізгі аспектілері мен

шарттары», «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің педагогтері мен әдіскерлерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру», «WorldSkills стандарттары бойынша аймақтық чемпионаттарды ұйымдастыру және өткізу процесінің негізгі аспектілері», «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудегі менеджмент» тақырыптарында біліктілікті арттырғандар – 41 педагог және қызметкерлер, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ жаңартылған мазмұн бойынша өз пәндері бойынша -19 педагог курстан өтті; сонымен қатар өз лауазымы бойынша Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА орталығынан 3 қызметкер «ТЖКБ ұйымдарындағы Менеджмент» тақырыбында курстан өтті.

Оқытушылардың өз білімін көтеру және шығармашылық деңгейін арттыру мақсатында колледж оқытушылары үнемі республикалық, облыстық білім жетілдіру институттарында біліктіліктерін жетілдіреді және қысқа мерзімді өндірістік тәжірибеден мекемелерден өтеді.

2020-2021 оқу жылында курстардан – 79 оқытушы біліктілігін арттырды.

2.4.3. 2020-2021 оқу жылындағы колледж педагог кадрларының мекемеден біліктілігін арттыру туралы мәлімет

2020-2021 оқу жылындағы колледж педагог кадрларының әлеуметтік серіктестердің мекемелерінде біліктілігін арттырған 2 оқытушы тағлымдамадан өтілу барысында сертификатқа ие болды. Оқытушылар Н.Жузбаев, А.Утепбаев өз практикалық біліктілігін ЖШС «Талас аудандық электр желісі» мекемесінде, ЖШС «Құрылыс-Жанар» тағлымдамадан өтті.

2.4.4. Облыстық, республикалық және халықаралық семинар-кеңестерге, конференцияларға оқытушылар мен студенттердың қатысуы

2020-2021 оқу жылында 30 оқытушы облыстық, республикалық конференцияларға, семинар-практикумдарға қатысты Onlin режимінде оқытуды ұйымдастырудағы инновациялық идеяларға қолдау көрсетіліп, ақпараттық-әдістемелік мәліметтер қорын құру жұмыстарын жүргізілуде.

2020 жылы Жамбыл облысы кәсіптік білім беру мекемелерінің

өндірістік оқыту шеберлері арасында өткізілген облыстық «Өз ісінің шебері - 2020» байқауына А.Шонов қатысып, бірінші орынды иеленді.

2020 жылы Халықаралық конференция «Білім беруді дамытудың заманауи тенденциялары» атты педагогикалық конференция» тақырыбындағы колледжд педагогтары арасында өткен алықаралық конференцияда Өскемен қ. «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» Ж.Уртаева, С.Анарбекова, Н.Асанова сертификат алды.

2020 жылы, Нұр-Сұлтан қ. «Еуропалық экономика.Бизнес және құқық жоғары колледжі» Ж.Уртаева сертификатқа иеленді.

2020 жылы, Жамбыл облысы Техникалық және кәсіптік облыстық «Қашықтықтан оқыту жағдайында оқу-әдістемелік, ғылыми-шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру жолдары» атты семинар практикумға қатысқаны үшін сертификатқа иеленді.

2020жыл, «Talar» КЕАҚ Оқу-тренингтік орталығының ұйымдастыруымен Республикалық «Қашықтықтан оқыту жағдайында оқу процесін ұйымдастыру тәжірибесін қорыту» тақырыбында онлайн вебинарға қатысып, баяндама жасағаны Ж.Салыбекова үшін Алғыс хатқа иеленді.

2021 жыл «Сана» интеллектуалды орталықтың ұйымдастыруымен «Педагог и социальные сети: удалить нельзя сохранить» тақырыбында Республикалық онлайн семинарға қатысқаны үшін С.Анарбекова сертификатқа иеленді.

2021 жылы республикалық «Білім берудегі инновациялар: ізденіс және шешім» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысқаны үшін Н.Асанова, М.Қырғызбаев, С.Анарбековалар сертификат алды.

2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласында «Білім беруді жаңарту» орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «ҚР Техникалық және кәсіптік білім беру мамандарды дайындаудың заманауи тәсілдемесі» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысқаны үшін Н.Жүзбаев, Б.Медеубаева, М.Қырғызбаев, Н.Асановалар сертификат алды.

2.4.5. Оқу процесіне енгізілген инновациялық технологиялар

Колледждің стратегиялық мақсаты білім беруді жаңғырту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру, ғылыми, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының мазмұнын жақсарту, мамандарды

даярлауда білім сапасын арттыру, халықаралық стандарттарға көшуді жүзеге асыру болып табылады. Колледж оқытушыларын кәсіби әдістемелік шеберлікті жетілдіруде, біліктілігін арттыруда, ғылыми - зерттеу дағдыларын жақсартуда, озық тәжірибе мен әдістемені кеңінен қолдануда ықпал ету.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №717бұйрығымен бекітілген ТЖКББ жүйесіне кредиттік-модульдік оқыту технологияларын кезең-кезеңімен енгізу бұйрығына сәйкес енгізіліп, 2020-2021 оқу жылының үрдісінде барлық мамандықтар модульдік оқыту технологиясы негізінде оқытылуға бағытталғын, модульдік оқыту технологиясы негізінде құжаттарын дайындап, бекітті.

Сонымен қатар колледждің 0707, 1401, 1201 мамандықтары бойынша еңбек нарығындағы республикалық «Жас маман» жобасы аясында оқытушылар тарапынан іс-құжаттары толтырылып, бекітіліп, өткізілді.

Сонымен қатар коронавирустық пандемияға байланысты барлық оқу үрдісінде 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» сәйкес құжаттарды жүргізді.

2020-2021 оқу жылының білім саласындағы мазмұнын жаңарту бағытында жүргізілген жұмыстарының бірі «Talar» КЕАҚ ұйымдастыруымен WorldSkills стандарттары негізінде 1405.000 мамандығы бойынша «Газ жабдықтары мен қондырғыларын пайдалану техникі » құзыреттілігі бойынша 2-4 маусым аралығында демонстрациялық емтихан өтті. Осы емтихан нәтижесінде 5 түлек жоғары көрсеткіштерімен скилс паспорттарына ие болды. Сарапшы Н.Субинов пен А.Шымырбековаларға сертификат берілді.

2.4.6. Семинарлар

2020-2021 оқу жылы жоспарланған «Педагогикалық шеберлік» мектебінің өткізген семинар тақырыптары:

- ✓ Педагогтың сабаққа дайындығы
- ✓ Сабақты ұйымдастыру
- ✓ Жаңа сабақты түсіндіру
- ✓ Сабақты бекіту кезіндегі педагогикалық әдіс –тәсілдері

- ✓ Тәжірибелік сабақтарды өткізу ерекшелігі
- ✓ Зертханалық сабақтарды өткізу ерекшелігі
- ✓ Курстық, дипломдық жұмыстарды ұйымдастыру
- «Озат тәжірибе» мектебінің семинар тақырыптары
 - ✓ Қашықтықтан оқыту-заман талабы
 - ✓ Рухани жаңғыру –қазақ өркениетінің жаңа дәуірі
 - ✓ Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар
 - ✓ Ағылшын тілінде кезең-кезеңімен оқыту
 - ✓ Латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғыру талабы
 - ✓ Жаңа ғасыр – озық технологиялары
 - ✓ Өндірістік оқыту шеберлерінің ерекшеліктері

Барлық мамандықтар бойынша оқу пәндерінің жұмыс бағдарламалары модульдік жүйеге ауыстырылып, білімгерлердің білімі модульдік-рейтингтік негізде шектік, аралық және қорытынды аттестациялары арқылы тексеріліп, оқу сапасының мониторингі жасалынды. Циклдік-әдістемелік комиссиялар апталықтары, пәндік олимпиадалар, байқаулар, ғылыми-тәжірибелік оқытушылардың конференциялары, білімгерлердің ғылыми ізденіс жұмыстары бойынша конференциялар өткізілді.

2.4.8.Циклдік-әдістемелік комиссиялар бойынша әдістемелік кабинеттің сараптамасы

2020-2021 оқу жылында 2 бөлім бойынша 3 циклдік-әдістемелік комиссиялары жұмыс жүргізді.

Колледж құрылымына келесі циклдік-әдістемелік комиссиялар кіреді:

«Жалпы және әлеуметтік - қоғамдық білім беретін пәндер» ЦӘК

«Арнайы құрылыс және электрмен қамту білім беру пәндері» ЦӘК

«Арнайы ақпараттық-химиялық және технологиялық білім беру пәндері» ЦӘК

Барлық мамандықтар бойынша оқу пәндерінің жұмыс бағдарламалары модульдік жүйеге ауыстырылып, студенттердің білімі модульдік-рейтингтік негізде шектік, аралық және қорытынды аттестациялары арқылы тексеріліп, оқу сапасының мониторингі жасалынды. Циклдік-әдістемелік комиссиялар апталықтары, пәндік олимпиадалар, байқаулар, ғылыми-тәжірибелік

педагогтардың конференциялары, студенттердің ғылыми ізденіс жұмыстары бойынша конференциялар өткізілді.

«Жалпы және әлеуметтік - қоғамдық білім беретін пәндер» ЦӘК жетекшісі Ж.Уртаева. ЦӘК-те 14 педагог бар. ЦӘК оқу жылында апталық және пәндер бойынша олимпиадалар өткізді. Апталықтар мен олимпиадаларға студенттер мен педагогтары белсене қатысты. Апталық кезінде болған іс-шараларға студенттер толық қатысып, өткізілген әр іс-шаралары қызықты болып өтті, құжаттары жинақталып, хаттамалары толтырылған. 2 педагог /Ж.Уртаева/ педагог шебер, /Н.Бақытханқызы/ педагог сарапшыға өтті. ЦӘК педагогтары кесте бойынша ашық сабақтарын өткізді. /оқытушы Б.Айжанов, Б.Исатай өткізген жоқ/.

«Қашықтықтан оқытудың маңызы мен тиімділігі» атты Online режимінде педагогтардың ғылыми-шығармашылық конференциясында ғылыми жұмыстардың ережелеріне сай баяндама дайындап, слайдтар арқылы көрсете отырып, сабақ үрдісіндегі өздерінің тәжірибесімен бөліскен оқытушы С.Аптауова «Қазақстан тарихы пәнінде сын тұрғысынан ойлау технологиясының элементтерін қашықтықтан оқытуда қолдану» тақырыбындағы жұмысы «Үздік» деп танылды.

«Заманауи техникалық және кәсіби білім берудің өзекті мәселелері» тақырыбында Online режимінде студенттердің ғылыми шығармашылық конференциясында 0816-18-96 тобының студенті Д.Өмірәлі /жетекшісі С.Аптауова/ «Үздік» деп танылса, «Жас зерттеуші» номинациясымен 0902-20-96 тобының студенті Д.Столяров /жетекшісі Б.Танатарова/, «Шығармашылық идея» номинациясымен 1305-18-96 тобының студенті А.Балпанова /жетекшісі Ж.Изтилеуова/ марапатталды.

Халықаралық, республикалық, облыстық, ғылыми-практикалық конференциялар мен байқауға 6 педагог /Б.Танатарова, Б.Бақытханқызы, И.Қожамбаева, С.Аптауова, Ж.Уртаева, Ғ.Ибраимов/ баяндамаларымен қатысты, жұмыстары жинаққа енгізілді.

Студенттердің халықаралық, республикалық, облыстық конференция мен байқауларға педагогтар /Б.Танатарова, И.Қожамбаева, С.Аптауова, Н.Бақытханқызы/ жетекшілік жасаған студенттер жүлделі орындарға ие болып, диплом, сертификатпен марапатталды.

Педагогикалық баспасөзде педагогтардың мақалаларын жариялауда педагог И.Қожамбаева, А.Қылышбекова, Қ.Шыныбеков, Н.Бақытханқызы,

Ж.Уртаева, Б.Танатарованың әзірлемелері жарияланса, республикалық "Еңбекші", аудандық «Талас тынысы» газетіне Ж.Уртаева, И.Қожамбаеваның мақалалары жарияланды.

2020-2021 оқу жылында ЦӘК педагогтары толығымен біліктілігін арттыру курстарынан өтті.

Бекітілген жоспарға сәйкес пәндер бойынша ЦӘК олимпиадасы **"Үздік"** деп танылды.

«Үздік портфолио 2021» байқауында педагог Б.Танатарова **үздік** деп танылды, педагог С.Аптауова, Н.Бақытханқызы портфолиосы талапқа сай жасалынғаны ескерілді.

«Үздік сабақ 2021» байқауында педагог Б.Танатарова, С.Аптауова, Н.Бақытханқызы номинация жеңімпазы атанды.

2020-2021 оқу жылында ЦӘК онкүндігі **"Үздік"** деп танылды.

«Арнайы құрылыс және электрмен қамту білім беру пәндері» ЦӘК жетекшісі М.Жаңбырбай. ЦӘК-те 15 педагог бар. ЦӘК педагогтары апталық пен пәндер бойынша олимпиадалар өткізді. Өткізген іс шаралары өте мазмұнды, студенттердің жан-жақты қабілеттерін ашып, қызықты өткізілді, құжаттары жинақталып, хаттамалары толтырылған. 1 педагог /Т.Ұзақбаев / педагог модераторға өтті. ЦӘК педагогтары кесте бойынша ашық сабақтарын өткізді /оқытушы И.Қазыбай, А.Сырғабаев ашық сабағын өтпеді/.

«Қашықтықтан оқытудың маңызы мен тиімділігі» атты Online режимінде педагогтардың ғылыми-шығармашылық конференциясында педагог Т.Ұзақбаев «Қашықтықтан оқыту барысында, оқытушының, үй жағдайында бар ақпараттық техникаларды тиімді пайдалану әдістері» тақырыбында жасаған баяндамасы «Үздік» деп танылды.

«Заманауи техникалық және кәсіби білім берудің өзекті мәселелері» тақырыбында Online режимінде студенттердің ғылыми шығармашылық конференциясында «Шығармашылық идея» номинациясымен 0816-18-96 тобының студенті Ұ.Әмзе /жетекшісі М.Жаңбырбай/ марапатталды.

Халықаралық, республикалық, облыстық, ғылыми- практикалық конференциялар мен байқауға 6 педагог /М.Жаңбырбай, Г.Жуманалиева, Н.Асанова, М.Қырғызбаев, А.Серикова/ баяндамаларымен қатысты, жұмыстары жинаққа енгізілді.

Студенттердің халықаралық, республикалық, облыстық конференция мен байқауларға педагогтар / М.Жаңбырбай, Г.Жуманалиева, Н.Асанова, М.Қырғызбаев/ жетекшілік жасаған студенттер жүлделі орындарға ие болып, диплом, сертификатпен марапатталды.

Педагогикалық баспасөзде педагогтардың мақалаларын жариялауда педагог М.Жаңбырбай, Г.Жуманалиева, Н.Асанова, М.Қырғызбаев, А.Серикованың әзірлемелері жарияланды.

2020-2021 оқу жылында ЦӘК педагогтары толығымен біліктілігін арттыру курстарынан өтті.

Педагог Г.Жуманалиева шығармашылық есебін берді.

«Үздік портфолио-2021» байқауының нәтижесі бойынша педагог М.Жаңбырбай, Г.Жуманалиева, М.Қырғызбаевтың портфолиосы талапқа сай жасалынғаны ескерілді.

«Үздік сабақ -2021» байқауында педагог М.Қырғызбаев **үздік** деп танылды, Т.Ұзақбаев, М.Жаңбырбай, Г.Жуманалиева номинация жеңімпазы атанды.

«Арнайы ақпараттық-химиялық және технологиялық білім беру пәндері» ЦӘК жетекшісі Н.Субинов. ЦӘК-те 16 оқытушы бар. ЦӘК педагогтары апталық пен пәндер олимпиадасын өткізді. Кестеге сай ашық сабақтарын өткізді. 2 педагог /Л.Естебекова/ педагог шебер, /А.Шуленбаева/ педагог зерттеушіге өтті.

«Қашықтықтан оқытудың маңызы мен тиімділігі» атты Online режимінде педагогтардың ғылыми-шығармашылық конференциясында педагог Ж.Нұрлыбаева «Қашықтықтан оқыту кезінде арнайы пәндерде ойын технологиясын қолдану мүмкіншіліктері» атты баяндамасы «Үздік» деп танылды. педагог Е.Қамысбаев, Н.Жүзбаев, Б.Медеубаеваның жұмыстары номинациямен марапатталды.

«Заманауи техникалық және кәсіби білім берудің өзекті мәселелері» тақырыбында Online режимінде студенттердің ғылыми шығармашылық конференциясында Д.Оралбай 0902-18-96 тобының студенті /жетекшісі Н.Жүзбаев/, 1401-18-96 тобының студенті В.Берданың /жетекшісі Ж.Салыбекова/ ізденген жұмыстары «Үздік» деп аталды. Ал «Жас зерттеуші» номинациясымен 0902-19-96 тобының студенті А.Джорабаев /жетекшісі Б.Медеубаева/, 1405-19-96 тобының студенті А.Амантай /жетекшісі А.Шымырбекова/ марапатталды.

Халықаралық, республикалық, облыстық, ғылыми- практикалық конференциялар мен байқауға 13 педагог /Ж.Салыбекова, А.Шуленбаева, А.Ильясов, С.Анарбекова, А.Шымырбекова, Ж.Нурлыбаева, Н.Субинов, Н.Жүзбаев, А.Утепбаев, Т.Боранбаев, Б.Медеубаева, Ж.Мәселбек, Л.Естебекова, А.Шонов/ баяндамаларымен қатысты, жұмыстары жинаққа енгізілді.

Студенттердің халықаралық, республикалық, облыстық конференция мен байқауларға педагогтар /А.Шуленбаева, Н.Жүзбаев, Т.Боранбаев, Б.Медеубаева, Ж.Мәселбек/ жетекшілік жасаған студенттер жүлделі орындарға ие болып, диплом, сертификатпен марапатталды.

Педагогикалық баспасөзде педагогтардың мақалаларын жариялауда педагог Ж.Салыбекова, А.Шуленбаева, А.Ильясов, С.Анарбекова, А.Шымырбекова, Ж.Нурлыбаева, Н.Субинов, Н.Жүзбаев, Т.Боранбаев, Б.Медеубаева, Ж.Мәселбек, әзірлемелері жарияланды.

2020-2021 оқу жылында ЦӘК педагогтары толығымен біліктілігін арттыру курстарынан өтті.

«Үздік сабақ -2021» байқауында педагог Ж.Нұрлыбаева, Ж.Салыбекова, Н.Жүзбаев, А.Шымырбекова, Н.Субинов номинация бойынша жеңімпазы.

«Үздік портфолио -2021» байқауында педагог А.Шонов **үздік** деп танылды, А.Шымырбекова, Ж.Нұрлыбаева, Н.Жүзбаев, Ж.Салыбекованың портфолиолары талапқа сай жасалынғаны ескерілді.

Педагог А.Шымырбекова шығармашылық есебін берді.

Бекітілген жоспарға сәйкес пәндер бойынша ЦӘК олимпиадасы **"Үздік"** деп танылды.

1.4.9. Апталық

«Жалпы және әлеуметтік - қоғамдық білім беретін пәндер» ЦӘК-ның ақпан айының 15-26-шы жұлдызы аралығында Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында «Тіл. Ұлт және Тәуелсіздік» атты циклдік әдістемелік комиссиясының онкүндігі өтті. Онкүндіктің ашылу салтанаты ерекше форматта өткізіліп, ЦӘК төрайымы Ж.Жолдасбекқызының ұйымдастыруымен жүргізілді. Сондай –ақ «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқытушысы И.Қожамбаева ZUM платформасы арқылы Ж.Жабаевтың 175

жылдығына орай «Жыр алыбы-Жамбыл» атты колледж студенттері арасында мәнерлеп оқу байқауын өткізді. Байқауға I-IV студенттері қатысып, Жамбыл атамyzдың шығармаларын жатқа, мәнерлеп айтып берді. Сонымен қатар, Ж.Жабаевтың 175 жылдығына орай колледж педагогтары мен студенттері арасында әлеуметтік желіде Ж.Жабаев-175# челленджін оқытушы Н.Бақытханқызы бастап, колледж студенттеріне жолдады. Арнайы пән педагогы Ғ.Ибраимов «Өміріңді бағала» тақырыбында ZUM платформасы арқылы кездесу кешін өткізді. Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасының аясында жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу мақсатында өткізілді. Кездесуде қалалық мешіттің имамы Омарбек Асқар осы тақырыпта өз ойын айтып, сабақ алуын өтінді. «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнінің оқытушысы Б.Таңатарова «Я вдохновенно Пушкина читаю» (Памяти Пушкину посвящается) тақырыбында I курс студенттері арасында мәнерлеп оқу байқауын ұйымдастырды. Қатысушылар Пушкин өлеңдерін мәнерлеп, жатқа оқып, слайд арқылы өмірі мен шығармаларына назар аударды. Нәтижесінде жеңіске жеткен студенттер «Лучший чтец», «Лучшая дикция», «Лучшая интонация» номинацияларымен марапатталып, сыйлықтарға ие болды. Оқытушы С. Аптауова 1305-20-96 тобында офлайн кезінде «Мәдениеттің қазіргі кездегі дамуы» тақырыбында ашық сабағын жоғары деңгейде өткізді. Арнайы пәндер оқытушысы Жанар Изтилеуованың ұымдастыруымен «Ораторлық шеберлік» тақырыбында тренинг өткізді. Тренингтің мақсаты ораторлық шеберліктің мәнін ашып түсіну, студенттердің ойлау,сөйлеу қабілетін арттыру, жауапкершілікке тәрбиелеу болды. Қазіргі кезде бизнес курстарында осы шешендік қасиет, ойлау қабілет, адам бойындағы дағдылар кеңінен ашылуда. Ал, қазақ халқында шешендік өнер жаңа пайда болған дүние емес,себебі ата- апаларымыз ерте де ақ,ол қасиет айтыс,суырып салмалылық, ел арасында дау мәселелерін шешу тағы басқа өнерде көрініс тапқан. Тренинг нәтижесінде студенттер кәсіпкерлік ойлауды үйреніп, кәсіби әдеп тәсілдерін біліп танысты. «Ұлтымның тілі-мақтанышым» мәнерлеп оқу байқауын жалпы тілдері педагогтарының ұйымдастыруымен өзге ұлт өкілдері арасында 21-ақпан «Халықаралық Тілдер күніне» орай колледж студенттері арасында ZUM платформасы арқылы өткізілді. «Өзін-өзі тану» пәнінің оқытушысы 1305-20-

96 тобында «Отбасыдағы қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты отбасындағы қарым-қатынасты нығайту, жанұяны қадірлеу, қастерлеу болды. Онлайн өткен ашық сабаққа студенттер белсене қатысып, өз пікірлерін де айта білді. Педагог С.Аптауова «Алғыс айту парызым» дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстелдің мақсаты студенттердің тарихта ерен еңбегімен аты қалған Ұлы тұлғаларымызға деген құрметін көрсете білген, отансүйгіштігімен шығармашылық қабілеттерін шыңдап, белсенді азаматтық ұстанымын таныту болды. Колледж студенттері белсенді қатысып, білімдері мен біліктіліктерін ортаға салды. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқытушысы Н.Бақытханқызы ZUM платформасы арқылы «Тарихы терең – мәңгілік ел» тақырыбында зияткерлік сайыс I курс студенттері арасында өткізді. Сайыс 3 турдан тұрды және оның мақсаты студенттердің білімін арттыра отырып бойларында патриоттық сезімді, Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру болды. Сайыс барысында қазақ халқының тарихы, әдебиеті және мақал-мәтелдері жасырылды. Дене шынықтыру пәнінің оқытушысы Қ.Шыныбеков 0902-18-96 тобында «Элементы атлетической гимнастики» тақырыбында ашық сабағын онлайн форматта өткізді. Сондай-ақ, М.Мақатаевтың 90 жылдығына ЦӘК оқытушылары «Мұқағали Мақатаев поэзиясы әлемі» атты мәнерлеп оқу байқауын онлайн форматта өткізді. Байқаудың мақсаты М.Мақатаевтың мұрасын насихаттау, еліміздің тарихымен таныстыру, балалардың өз-өзін көрсетуге арналған мүмкіндіктерін дамыту болды. Оқытушы И.Қожамбаева Ж.Жабаевтың 175 жылдығына орай «Жүз жыл жырлаған Жамбыл» тақырыбында ашық сабақ өтті. Ашық сабақтың мақсаты екі ғасырдың куәсі болған ақынның шығармашылығындағы тәлім-тәрбиелік, ұлағаты мол өсиеттері арқылы студенттердің өмірге дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру, туған еліміз бен жерімізге деген сүйіспеншілікті ояту, ақын есімі мен поэзиясын құрметтеуге, шығармашылық ізденуге шақыру. Сабақ барысында стратегиялық ойындар мен сұрақ-жауап виториалары арқылы топтық жарыстар жүргізілді. Сонымен қоса, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында «Тіл. Ұлт және Тәуелсіздік» атты «Жалпы және әлеуметтік - қоғамдық білім беретін пәндер» циклдік әдістемелік комиссиясының онкүндігінің жабылуында белсенділік көрсеткен студенттер марапатталды. ЦӘК-ның онкүндігі жоғары деңгейде өткізілді.

2020-2021 оқу жылында ЦӘК онкүндігі "Үздік" деп танылды.

«Арнайы құрылыс және электрмен қамту білім беру пәндері» ЦӘК-ның наурыз айының 1-12-ші жұлдызы аралығында Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының аясында «Күзиретті маман жарқын болашақ кепілі» атты онкүндігінің ашылу салтанаты ZUM платформасында колледж педагогтары мен студенттері арасында өтті. Онкүндіктің ашылуында ЦӘК төрағасы Н.Субиновтың ұйымдастырылуымен «1наурыз көктемнің алғашқы күні-Халықаралық алғыс айту күні» атты керемет мерекелік құттықтау өткізді. Сондай-ақ, онкүндіктің жоспарымен таныстырып өтті. ZUM платформасында арнайы пәндер оқытушысы Ж.Нұрлыбаева «Химия өндірісінің процестері мен аппараттары» пәнінен «Реакциялық аппараттар» тақырыбында online ашық сабақты 0816 -18-96 тобында жоғары деңгейде өтті. Сабақтың мақсаты: реакциялық аппараттардың түрлерімен таныстыру және жұмыс принципіні үйрету болды. Студенттер жоғары белсенділік танытты. Арнайы пәндер оқытушысы Ж.Салыбекова «Мамандығым мақтанышым» тақырыбында *сабақтан тыс іс-шараны жоғары деңгейде өткізді. Іс шараның мақсаты* студенттерді өз мамандық майталмандарымен кездестіре отырып, пікір алысуға, құрылысшы мамандығына жүйелі көзқарас қалыптастыруға, құрылысшы мамандыққа деген қызығушылығын арттыруға, сол жолда тиянақты да, саналы білім алуға деген ұмтылысты оятуға бағыт беру. Оларды өз пікірін еркін айтуға, басқаның пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу. Құрылысшы мамандығының маңызы туралы түсінік қалыптастыру болды. ZUM платформасында арнайы пәндер оқытушысы А.Шымырбекова «Электрлі химиялық тот басу» тақырыбында *ашық сабақты* online форматта 1405-19-96 тобында жоғары деңгейде өткізді. Студенттер жоғары белсенділік танытты. ZUM платформасында арнайы пәндер оқытушысы Н.Субинов «Газ шаруашылығындағы құрылыстық монтаждық және жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру технологиясы» пәнінен «Болат құбырды тіректерге орнату технологиясы» тақырыбында online ашық сабақты 1405-18-96 тобында жоғары деңгейде өтті. Сабақтың мақсаты болат құбырды тіректерге орнату технологиясының мәнін ашу, технологиялық процестерді айқындау, монтаждау жұмыстарын жүргізу барысында жауапкершілікке тәрбиелеу болды. Студенттер жоғары белсенділік танытты. 1405-19-96 тобында педагог

Ж.Нұрлыбаева «Асыл жандар» тақырыбында ашық тәрбие сағатын онлайн форматта өтті. Студенттер жоғары белсенділік танытты. Сондай-ақ, арнайы пән педагогы Н.Жүзбаев 0902-18-96 тобында «Испытание асинхронного двигателя короткозамкнутым ротором» тақырыбында онлайн форматта жоғары деңгейде өткізді. «Күзіретті маман жарқын болашақ кепілі» атты онкүндігінің жабылуында ZUM платформасында арнайы пәндер оқытушысы Е.Қамысбаев «Кім тапқыр?» атты зияткерлік сайысты online форматта жоғары деңгейде өткізді. Іс шараның мақсаты студенттердің тобына қаншалықты сенетінін және топта бір-біріне деген сенімділігін, ептілігін, қабілетін сайыс арқылы анықтап, өзіндік жұмыс істеу қабілетін дамыту, сөйлеуге, ой тұжырымын жасауға, талдай білуге, білімін жинақтай білу дағдыларын дамыту арқылы пысықтыққа, ұқыптылыққа және зияткерлікке тәрбиелеу болды. Сайысқа 1401-20-96, 1405-17-96, 1405-19-96 топтары қатысып, өз білімдері мен біліктіліктерін көрсете білді. Студенттердің белсенділігі өте жоғары болды. Сондай-ақ, «Арнайы құрылыс және электрмен қамту білім беру пәндері» ЦӘК онкүндігінде белсенділік көрсеткен студенттерді бөлім меңгерушісі Н.Субинов марапаттады.

«Арнайы ақпараттық - химиялық және техникалық» ЦӘК-нің «Арнайы пәндерді оқытуда интерактивті техникаларды қолдану арқылы студенттердің сабаққа қызығушылығын арттыру» атты онкүндігі қазан айының 19-30-шы жұлдызы аралығында өтті. Онкүндіктің ашылуы онлайн Zoom платформасы арқылы өтілді. Ашылуда апта бойы өтілетін іс – шаралардың жоспарымен ЦӘК төрайымы М.Жаңбырбай таныстырып өтті. Осы күні ЦӘК педагогы М.Жаңбырбай «Ойлы болсаң, озып көр» атты интеллектуалды байқауын өткізді. Байқау нәтижесінде ең озық студент анықталып, марапатталды. ЦӘК педагогы М.Жаңбырбай «Білгір химик» тақырыбында онлайн интеллектуалды сайысын 0816-19-96 тобымен өткізді. Сайысқа колледж педагогтары қатысып талдау жасады. Сайыс «өте жақсы» деп бағаланды. Арнайы пәндер оқытушысы Т.Ұзақбаев «Қозғалтқыштардың салқындату жүйесінің құрылымы мен жұмысын оқып, үйрену» тақырыбында онлайн ашық сабақ өткізді. Сабаққа ЦӘК төрайымы қатысты. Сабақ өз деңгейінде өтілді. ЦӘК педагогы Г.Жуманалиева «Ақпараттық қорғау» пәнінен «Ашық және жабық кодтар» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабаққа колледж педагогтары қатысты. Сабақ өз мақсатына жетті. ЦӘК педагогы Н.Асанова

«Компьютерлік геометрия және графика» пәнінен «Жазбалары мен фигуралары бар сурет құру» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабаққа колледж педагогтары қатысып талдау жасады. Сабақты «өте жақсы» деп бағаланды. Арнайы пән оқытушысы Л.Сулейменова 0816-18-96 тобында «Азотты бекіту әдістері. Азот өндірісіндегі шикізаттар» тақырыбында ашық сабақ өткізді. ЦӘК педагогы Н.Асанова «Perspective Design» тақырыбында онлайн байқау ұйымдастырды. Байқау өте жақсы өтіліп, студенттердің пәнге деген қызығушылықтары артты. Өз деңгейінде жақсы өтті. «Арнайы техника көліктеріне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» пәнінен «Жүк көтергіштер» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабаққа ЦӘК төрайымы қатысты. Сабақ жақсы өтілді. ЦӘК педагогы Г.Жуманалиева «Жас шеберлер» атты сыныптан тыс іс-шара өткізді. Іс-шара жақсы ұйымдастырылған. «Физика» пәнінің оқытушысы И.Қазыбай «Жастар салауатты өмір салтын қолдайды» тақырыбында 1-курстардың қатысуымен өткізілді. Педагог Л.Сулейменова «Жас химик» зертханалық онлайн байқауын 4-курстар арасында ұйымдастырды. «Химия» пәнінің оқытушысы М.Жаңбырбай «Сынамалар мен реактивтерді жұмысқа дайындау» пәнінен «III - топтың негізгі, қосымша топша элементтері» тақырыбында онлайн ашық сабақ өткізді. Сабақ «өте жақсы» ұйымдастырылған. Сабақ өз мақсатына жетті. Арнайы пән оқытушысы М.Қырғызбаев «Young Car Mechanic» онлайн байқауын 1201-19-96 тобымен ұйымдастырып ең жас механик студентті анықтап, марапаттады. Он күндіктің жабылуына орай, 1-4 курстар арасында «Мен мамандығыммен мақтанамын» эссе байқауын ұйымдастырылды. Ең үздік эссе жазған студенттер анықталып, марапатталды.

Бекітілген жоспарға сай ашық сабақтар, сыныптан тыс іс – шаралар өткізілді. Көптеген педагогтар қашықтықтан оқыту кезеңінде инновациялық технологияларды тиімді қолдана білді.

ZOOM платформасы арқылы өткізілген сыныптан тыс іс-шаралар, әр түрлі жарыстар, байқаулар, дебаттар арқылы студенттерге сапалы білім, саналы тәрбие берілді.

Колледжде оқу үрдісін жаңғырту жоспары жасалынған. Негізгі мақсаты: қазіргі инновациялық технологиялардың теориялық негіздерін оқып – білу, зерттеу, сабақ үрдісіне қолдану, оқытудың кредиттік технологиясын, оқытудың дуальды жүйесінің элементтерін, қашықтықтан

оқыту технологиясын зерттеп, сабақ үрдісінде қолдану және оқу-өндірістік шеберханаларды, зерханаларды оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету.

Колледж оқытушылары дәрістің (сабақ) мына типтерін қолданып өткізуде:

- Аралас сабақ
- Жаңа сабақты (дәрісті) хабарлау
- Алған білімді жинақтау және бекіту сабағы
- Модульдік оқыту бойынша сабақ жоспары

Онлайн және аралас форматта сабақтардың сапасын директордың орынбасарлары, әдіскер, бөлім меңгерушілері, циклдік-әдістемелік комиссия жетекшілері талдайды және циклдік-әдістемелік комиссия педагогтары жоспарға сәйкес кесте бойынша бір-бірінің сабақтарына және ашық сабақтарына қатысады. Циклдік-әдістемелік комиссияның отырысында пәндер бойынша сабақ беру барысы, сапасы, топтардың үлгерімі, педагогтардың шығармашылық жұмыстары, ашық сабақтардың нәтижелері және т.б. жұмыстар талқыланады.

Кейбір педагогтар сабақ жоспарларының құрылымын толық аша білуі керек, өзара сабаққа көбірек қатысып, тәжірибе алмасу керек.

1.4.10. Ашық сабақтар

Колледжде әрбір пәннен ашық сабақтарды өткізудің кестесі құрылып, кесте бойынша сабақтар өткізілді.

2020-2021 оқу жылында - 27 сабақ жоспары бекітілген, 20 сабақ жоспары өткізілді, материалдары жинақталып, хаттамалары толтырылды. Ашық сабақ өткізбеген оқытушы /И.Қазыбай, А.Сырғабаев, Б.Айжанов, Б.Исатай, А.Утепбаев, Т.Боранбаев, Ж.Мәселбек /.

1.4.11. Олимпиадалар

Әдістемелік орталықтың бірден-бір міндеті студенттердің білім сапасын көтеру, әрқашанда сараптап отыру. Осы мақсатта жыл сайын циклдік-әдістемелік комиссияларда әрбір пәннен олимпиадалар өткізуде. Биылғы оқу жылында өткізілген олимпиадалар:

№	Жұмыс мазмұны	Орындау мерзімі	Орындаушылар	Жауаптылар
1	«Жалпы және әлеуметтік - қоғамдық білім беретін пәндер» ЦӘК	21-25.09.20ж.	Ж.Уртаева	Ж.Уртаева
2	«Арнайы құрылыс және электрмен қамту білім беру пәндері» ЦӘК	12-16.10.20ж.	Н.Субинов	Ж.Уртаева
3	"Арнайы ақпараттық-химиялық және технологиялық білім беру пәндері" ЦӘК	15-19.03.21ж.	М.Жаңбырбай	Ж.Уртаева

2020-2021 оқу жылында олимпиаданы өз деңгейінде, ережеге сәйкес өткізген «Арнайы құрылыс және электрмен қамту білім беру пәндері» ЦӘК олимпиадасы "Үздік" деп танылды.

1.4.12. Байқаулар

Педагогтардың кәсіби шеберлік деңгейін көтеру, анықтау мақсатында әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен үнемі әртүрлі байқаулар өткізілуде.

«Үздік педагог-2021» байқауы

Колледжішілік байқауда I орын педагог Ж.Салыбекова, II орын педагог Б.Танатарова, III орын педагог А.Шымырбековаға берілді.

Облыстық II кезеңге Ж.Салыбекова жіберілді. Нәтижесінде «Бас жүлдеге» ие болды.

"Үздік портфолио" байқауы

2020-2021 оқу жылында «Үздік портфолио» байқауында педагог А.Шоңов пен Б.Танатарованың портфолиосы **үздік** деп танылды. Портфолиосын жаңартып, талапқа сай жасап, толықтырып отырған педагогтар М.Қырғызбаев, Н.Бақытханқызы, Ж.Нұрлыбаева, С.Аптауова, М.Жаңбырбай, А.Шымырбекова, Ж.Салыбекова, Н.Жүзбаев, Г.Жуманалиева.

«Үздік сабақ жоспары» байқауы

2020-2021 оқу жылында өткізген ашық сабақтардың байқау талаптарына сай құрастырып, жаңа инновациялық технологияны

қолдана білген педагог М.Қырғызбаевтың ашық сабағы **үздік** деп танылды, сонымен қатар, сабақ жоспарын дұрыс құрған, технологияларды тиімді қолдана білген педагогтар Т.Ұзақбаев, Ж.Нұрлыбаева, Ж.Салыбекова, С.Аптауова, А.Шымырбекова, Б.Танатарова, Г.Жуманалиева, Н.Бақытханқызы, Н.Субинов, Н.Жүзбаев, М.Жаңбырбай.

1.4.13. Ғылыми - ізденіс жұмысы

Педагогтардың біліктілігімен шығармашылық деңгейін көтеруде колледж педагогтары бір қатар жұмыстар жүргізуде. Педагог шеберлігінің бірі-әдістеме саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгере отырып, колледждің педагогтары ғылыми жұмыстармен айналысып, түрлі халықаралық, республикалық, облыстық конференцияларға қатысуда.

Ғылыммен шұғылданып жүрген педагогтарда, колледжімізде баршылық:

Колледж педагогтарының зерттеушілік жұмыстарының негізгі мақсаттары:

- педагогтардың шығармашылық әрекеті болуы;
- ғылыми тұжырым жасау;
- ғылыми әдістемелік білімін жетілдіру;
- ғылыми бағытта мақалалар, баяндамалар жазу;
- ғылыми дүние-танымдық көзқарасы болуы.

Колледжде әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен ғылыми-әдістемелік конференциялар жыл сайын өткізіледі. Жыл басында педагогтардың ғылыми тақырыптары алынып, бекітілді.

Колледжде әр оқу жылында педагогтардың және студенттердің ғылыми-шығармашылық конференциялары өткізіледі:

2020-2021 оқу жылында 18 ақпанда айында Заманауи техникалық және кәсіби білім берудің өзекті мәселелері» тақырыбында Online режимінде студенттердің ғылыми шығармашылық конференциясы бойынша студенттер арасындағы өткізілген ғылыми конференцияның нәтижесі.

Студенттердің ғылыми — шығармашылық конференциясының

өтілу деңгейі, қорытындысы, жетістіктері туралы: конференцияға қатысқан 30 студенттің баяндамасы тыңдалды, студенттер баяндамаларын презентация арқылы қорғады және қойылған сұрақтарға жауап берді. Белсенді қатысқан ғылыми жетекшілер мен студенттер арасында конференциясында 0816-18-96 тобының студенті Д.Өмірәлі /жетекшісі С.Аптауова/, Д.Оралбай 0902-18-96 тобының студенті /жетекшісі Н.Жүзбаев/, 1401-18-96 тобының студенті В.Берданың /жетекшісі Ж.Салыбекова/ ізденген жұмыстары «Үздік» деп аталды. Ал «Жас зерттеуші» номинациясымен 0902-19-96 тобының студенті А.Джорабаев /жетекшісі Б.Медеубаева/, 0902-20-96 тобының студенті Д.Столяров /жетекшісі Б.Танатарова/, «Шығармашылық идея» номинациясымен 1305-18-96 тобының студенті А.Балпанова /жетекшісі Ж.Изтилеуова/, 0816-18-96 тобының студенті Ұ.Әмзе /жетекшісі М.Жаңбырбай/, 1405-19-96 тобының студенті А.Амантай /жетекшісі А.Шымырбекова/ марапатталды.

2021 жылы 13 ақпан айында «Қашықтықтан оқытудың маңызы мен тиімділігі» тақырыбында Online режимінде өтті. Конференцияда 30 педагог баяндама жасады. Қашықтықтан оқытудың алғашқы күндерінен бастап колледж түрлі платформалармен жұмыс жасап, сапалы сабақтары Skype, ZOOM, WhatsApp, Bilimland.kz, Google meet, LearningApps қызметтерін қолдана отырып өткізуде, олардың көмегімен тапсырмалар беріліп, жалпы дамыту жаттығуларының кешендерін өткізілуде, жаттығулардың техникалық элементтерін көрсетіліп және туындаған сұрақтар бойынша кеңес беріледі.

Көптеген педагогтардың баяндамалары ғылыми-шығармашылық тақырыптарды рәсімдеудің СМЖ талаптарына сай орындалған. Баяндамалардың тақырыбы, мақсаты, міндеті, зерттеу кезеңдері, объектілері мен субъектілері дұрыс көрсетілген, баяндамаларында өз тәжірибелеріне нақты мысалдар көрсеткен. Өз сабақтарында әртүрлі инновациялық технологиялардың әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, оқу сапасын арттырып, зерттеу жүргізген педагогтардың ғылыми-шығармашылық жұмыстарынан Арнайы пән оқытушысы Т.Ұзақбаев І дәрежелі дипломмен, арнайы пәндер педагогы Ж.Нұрлыбаева II дәрежелі дипломмен, «Қазақстан тарихы» пәнінен С.Аптауова III дәрежелі дипломмен, арнайы пән оқытушысы Е.Қамысбаев «Іздемпаз

ұстаз» номинациясы, арнайы пәндер оқытушысы Н.Жүзбаев «Ұшқыр ойлы» номинациясы, педагог Б.Медеубаева «Жаңашыл ұстаз» номинациясымен марапатталды.

3. АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

3.1. Ақпараттық - коммуникативтік технологиялары.

Білім беруді жаңғырту – бүгінгі заманның талабы. Қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жолға қойылып келеді. Оған мамандарды қайта оқыту, интерактивті білім беру, түрлі технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру сынды мысалдарды айтуға болады. Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүзеге асуда. Біріншісі, білім беру мекемелерін оңтайландыру; екіншісі, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту; соңғысы, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру. Осы үш бағыт бойынша жұмыс жасау Елбасы Н. Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа Жолдауында да, ұзақмерзімді стратегияда да қамтылған.

Қазіргі кезде қазақстандық білім беруде ақпараттың жылдам даму қарқыны арасында қарамақайшылықтың жайылуы, ақпараттық орта мен динамика мазмұнында белгілі консерватизм арасында сипаттың күрделенуі, оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері болып табылады. Олардың шешімін табудың бірден бір жолы орта кәсіптік білім беру жүйесін студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптасу деңгейінде қамтамасыз етілетін пәндер арқылы, студенттердің қазіргі ақпараттық ортада дұрыс бағдар ұстануды қамтамасыз ететін белгілі бір білім мен біліктерді меңгеруі негізінде жүзеге асыру болып табылады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, ақпараттық технологиялар педагогиканың аспектілерін білім, дағды, икемділік және біліктерді қалыптастыруда біршама қажетті мүмкіндіктерге ие, сонымен қатар білім берудегі электронды оқулықтар, мультимедиялық бағдарламалар мен Internet технологияларда маңызды болып табылады.

Осыған негізделе колледж Жамбыл облысы әкімдігі білім беру басқармасының zhambyltypo.kz сайтында 2018 жылдан ағымдағы жылдың 31-

наурызға дейін жұмыс жасады. Қазіргі уақытта edupage сайтында қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқу үрдісі жүргізілуде. Электрондық журналдың артықшылығы білімгерлер мен олардың ата-анасына күнделікті сабаққа қатысуы мен оның сабақ үлгерімін бақылап отыруға өте ыңғайлы. edupage сайтында білімгерлердің білімін бағалауға онлайн түрде тест тапсыру мүмкіндігі бар. Заман талабына сай ақпараттық

№	Атауы	Саны
1	Дербес компьютерлер саны, оның ішінде	130
1.1	<i>Интернетке шығу мүмкіндігі бар</i>	<i>54 + Wi Fi желісі</i>
2	Проекторлар саны	21
3	Интерактивті тақталар саны	14
4	Экран	7
5	Принтер (3в1)	28
6	Плотер	2
7	Моноблок	3
8	Планшет	20
9	MultiPAD	10
10	Ноутбук	19

технологияларды кеңінен пайдалану арқылы осы сайтта кез келген Жамбыл облысындағы колледждердің біреуіне талапкерлер өз құжаттарын ұсынып электрондық түрде өтініш бере алады.

Оқу орнындағы компьютерлер және оргтехникалар туралы жалпы мәлімет

Коледж оқытушылары ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде кеңінен пайдаланып, білімгерлердің сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасын дамытады. Атап айтсақ, цифрлы оқу ресурстарын, интернет ресурстарын, онлайн тестілеу жүйелерін, видео роликтер, аудио жазбалар, презентациялар және т.б.

Қашықтықтан оқыту - оқытушының білімгермен оқыту құралдары арқылы итерактивті қарым - қатынас әрекет үрдісін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жана ақпараттық - педагогикалық технология. Қашықтықтан білім беру жүйесі - білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимыл кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдары қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары төмендегідей болып

табылады: - кез келген жерде, кез келген мерзімде оқуға мүмкіндігі бар; - кәсіби қызметпен қатар білім алуға болады; - оқу үрдісінде ақпараттық және телекоммуникациялық - технологиялардың жаңа жетістіктерін пайдалана отырып, білімгерлер мен оқытушылар арасындағы белсенді сұхбат, оқу ақпаратына мүмкіндік беру; - білім алушының мекен жайына, денсаулық жағдайына және материалдық жағдайына қарамастан тепе - тең дәрежеде білім алуға мүмкіндігі бар

Колледжде қашықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушылардың оқу-әдістемелік кешенінің электрондық нұсқасы жинақталып электрондық база құрылған. Білімгерлерге қажетті материалдарын алу үшін www.karatau-tk.kz сайтта жарияланған және жүктеп алуға мүмкіндіктері бар.

Қазіргі таңда колледж оқу процесі бойынша 130 компьютер бар, оның ішінде: 15 компьютер ескірген – ауыстыруды, 22 компьютер жөндеуді қажет етеді.

3.2. Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқу үрдісінің ұйымдастырылуы және электрондық қондырғылармен қамтылуы.

Коронавирустық инфекциясының алдын – алу шараларына байланысты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығына сәйкес оқу үрдісі қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша ұйымдастырылды.

2020-2021 оқу жылы барлық топтар оқу үрдісі zhambyltipo.kz порталы арқылы қашықтықтан оқыту технологиясына көшірілді. Zhambyltipo.kz порталы ағымдағы жылдың 30-наурызға дейін жұмыс жасады.

1-сәуірден бастап оқытушылар сабақ кестесіне сәйкес Google Classroom порталында сабақ жүргізді. Бекітілген кесте бойынша Zoom және GoogleMeet платформаларында онлайн сабақ жүргізілуі тұрақты қадағаланып отырды. Қосымша ретінде сабақ үрдісінде Whatsarr желісі пайдаланылды.

1-мамырдан бастап колледж edupage порталымен келісім –шартқа отырып, аталған порталда жұмыс жасап жатыр.

- ✓ Электрондық журнал модулі;
- ✓ Электрондық сабақ кестесі модулі;
- ✓ Тестілеу модулі
- ✓ Мониторинг модулі;
- ✓ Оқытушылардың оқу жоспары
- ✓ Дәрістік материалдар, үй тапсырмалары, карточкалар және т.б.

edupage порталына сабақ кестесіне сәйкес оқытушылар 1-мамырдан оқу іс-тәжірибе материалдарын, тапсырмаларын жүктеп отырды. Сонымен қатар студенттердің кері байланысын қадағалауға мүмкіндік бар.

2021-2022 оқу жылына талапкерлерді қабылдау электрондық портал бойынша жүргізілуіне байланысты колледж тарапынан college.smartnasion.kz порталымен келісім шарт жасалды. Қазіргі таңда портал толық жұмыс жасап тұр. Талапкерлердің өтініштері мемлекеттік тапсырыс бойынша конкурсқа қатысу үшін порталға енгізілуде.

3.3. Ақпараттық технологияларды оқу үрдісіне қолданылуы туралы

Ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде оқытушылар жиі қолдананады. Соның ішінде цифрлық оқу ресурстарын, электрондық тестілеу жүйесін, презентациялар, видео роликтерді, аудио жазбаларды, электрондық оқулықтарды білімгерлердің қызығушылығы мен сабаққа деген ынтасын арттыруда тиімді пайдаланылады.

Ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде пайдаланатын оқытушылар тізімі:

№	Оқытушыны аты-жөні	АКТ әдісі
1	А.Утепбаев	Интерактивті тақта, видео ролик, презентациялар
2	Г.Жуманалиева арнайы	Интерактивті тақта, видео ролик, презентациялар, онлайн тестілеу жүйесі
3	М.Қырғызбаев	Интерактивті тақта, видео ролик, презентациялар, онлайн тестілеу жүйесі
4	Н.Жүзбаев	ЦОР, презентациялар
5	Б.Медеубаева	презентациялар, онлайн тестілеу жүйесі
6	Ж.Салыбекова	Интерактивті тақта, видео ролик, презентациялар, онлайн тестілеу жүйесі
7	Ж.Нұрлыбаева	Интерактивті тақта, видео ролик, презентациялар, онлайн тестілеу жүйесі, Kahoot, Quizlet бағдарламалары


8	Н.Субинов	Интерактивті тақта, видео ролик, презентациялар, онлайн тестілеу жүйесі, Kahoot, Quizlet бағдарламалары
9	Х.Байсеитов	Интерактивті тақта, видео ролик, презентациялар
10	Е.Қамысбаев	Интерактивті тақта, видео ролик, презентациялар, онлайн тестілеу жүйесі, Kahoot, Quizlet бағдарламалары
11	С.Аптауова	Смартфон, онлайн тестілеу жүйесі
12	И.Қазыбай	Интерактивті тақта, презентациялар,
13	Э.Қарнақбаева	Интерактивті тақта, видео ролик, презентациялар, онлайн тестілеу жүйесі
14	Н.Асанова	Интерактивті тақта, видео ролик, презентациялар, онлайн тестілеу жүйесі
15	Ж.Ізтілеуова	ЦОР, презентациялар
16	К.Қарабаева	ЦОР, презентациялар
17	А.Қылышбекова	ЦОР, презентациялар
18	Б.Танатарова	Интерактивті тақта, видео ролик, презентациялар
19	Н.Бақытханқызы	ЦОР, презентациялар
20	И.Қожамбаева	ЦОР, презентациялар
21	М.Жаңбырбай	Интерактивті тақта, видео ролик, презентациялар, онлайн тестілеу жүйесі
22	Л.Сулейменова	Интерактивті тақта, видео ролик, презентациялар

Бейнесабактардың оқу үрдісінде қолданылуы

№	Оқытушының аты-жөні	Бейне сабақ саны
1	Салыбекова Ж.	15
2	Жолдасова А.	1
3	Аптауова С.	3
4	Изтлеуова Ж.	7
5	Танатарова Б.	8
6	Қырғызбаев М.	4
7	Нұрлыбаева Ж	8
8	Жаңбырбай М.	5
9	Жүзбаев Н.	1
10	Медеубаева Б.	4
11	Ұзақбаев Т.	10
12	Қамысбаев Е.	3
13	Субинов Н.	4
14	Естебекова Л.	1
15	Жуманалиева Г.	1
16	Утепбаев А.	1
17	Мәселбек Ж.	1

3.4. Оқу орнының және edupage.kctk.com сайтының жұмысы

edupage.kctk.com сайтының 2021 жылдың 1-мамырдан бастап тұрақты жұмыс істеп тұр. Колледж оқытушыларының тізімі, білімгерлердің толық тізімі, оқытылатын пәндер мен іс-тәжірибелер толық енгізілген. Барлық оқытушылар сабақ барысында білімгерлер алған бағалары, қорытынды бағалары, іс-тәжірибеден алған бағалары қойылып отырады.







Сайтта күнделікті оқытушылардың электрондық журналды пайдалану белсендігін көріп отыруға болады және баға қою бойынша айына 1 рет мониторинг жүргізіліп отырылады



Жаңа оқу жылына студенттерді қабылдау электронды түрде жүргізіледі. college.smartnahion.kz сайтының өтінішітерді электронды түрде қабылдау модулінде көрсетілген.





3.5. Білімгерлердің білімін бағалау жұмыстарында ақпараттық технологияларды қолдану және жетілдіру

Коледж білімгерлерінің білімін бағалауда қазіргі таңда ақпараттық технологиялар кеңінен пайдаануға мүмкіндік бар. edupage.kctk.com сайтында электрондық тестілеу жүйесі қарастырылған. Осы жүйе арқылы білімгерлерден тест түрінде білімін тексеруге және оның нәтижесін көруге болады.



Сабақ барысында білімгерлердің білімін бағалауда бірнеше оқытушылар Kahoot, Quizlet бағдарламалары мен Multiurok.ru, LearningApps.org, Prezi.com сайтын және т.б. бағдарламаларды кеңінен қолданады.

3.6. Электрондық оқулықтар дайындау

Электрондық оқулық дайындау бойынша 2020-2021 оқу жылында арнайы пән оқытушылары оқу-әдістемелік кешенінің электрондық нұсқасын диск тасымалдағышпен коледж кітапханасына өткізді.

№	Оқу-әдістемелік кешенін электрондық нұсқасы	Саны
1	Арнайы мұнай-газ және білім беру. Әд.нұсқау	1
2	Газбен жабдықтау жүйесі мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану. Әд.нұсқау	1
3	Химия пәнінен лекциялар жинағы, әдістемелік нұсқаулар	1
4	Профессиональный русский язык. Уч.пособие	1
5	Методические указания по русскому языку и литературе. Уч.пособие	1
6	Дене тәрбиесі пәніне арналған әдістемелік нұсқаулар	1
7	Алгоритмдеу және бағдарламалау негіздері	1
8	Өрлеу құрылыс жұмыстарының технологиясы	1
9	Сәулеттік материалтану	1
10	Құрылыстағы еңбек қорғау	1
11	Құрылыстағы еңбекті қорғау	1
12	Материалтану (құрғақ құрылыс)	1
13	Өрлеу құрылыс жұмыстарының жалпы технологиясы	1
14	Құрылыс объектілерін салу, пайдалану және қайта құру кезінде технологиялық процестерді ұйымдастыру	1
15	Өрлендіру жұмыстары	1
16	Сылақ жұмыстарының технологиясы	1
17	Ғимараттар мен имараттардың құрылымы	1
18	Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар құрылысы бойынша оқу құралы	1
19	Үйлер мен ғимараттарды техникалық пайдалану	1
20	Құрылыс материалдары мен бұйымдар	1
21	ББҰАП	1
22	Құрылыс машинасы мен шағын механикаландырылған құрал-жабдықтар	1
23	Құрылыс құрылымдарын есептеу негіздері	1
24	Жобаларды басқару	1
25	Металдар мен пласмассаны дәнекерлеу және кесу	1
26	Строительство городских систем газоснабжения	1
27	Техника безопасности и организация работ в городском газовом хозяйстве	1
28	Газбен жабдықтау	1
29	Газбен қамтамасыз ету жүйесінің автоматикасы мен телемеханикасы	1
30	Автоматика и телемеханика систем газоснабжения	1
31	Жылутехника негіздері. Жылутехникалық бақылау мен қазандықтардың автоматикасы	1

32	Бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдары	1
33	Бақылау-өлшеу құралдары	1
34	Газдалған қазан агрегаттары	1
35	Котельные установки и тепловые сети	1
36	Жылу өндіргіш қондырғылар	1
37	Слесарлық және механикалық іс-тәжірбиесі	1
38	Слесарлық және механикалық іс-тәжірбиесінің оқу элементі	1
39	Слесарлық және механикалық іс-тәжірбиесінің шеберханадағы қауіпсіздік техникасы және жұмыс орнын ұйымдастыру	1
40	Өлшеу	1
41	Металдарды шабу	1
42	Металдарды егелеу	1
43	Металдарды бұрғылау	1
44	Металдарды қырнау	1
45	Дәнекерлеу, калайылау және желімдеу	1
46	Черчение	1
47	Проекционное черчение	1
48	Машиностроительное черчение	1
49	Строительное черчение	1
50	Газ жабдықтары мен табиғи, жасанды газдар	1
51	Газ желілері мен қондырғылар	1
52	Жер асты қондырғыларын электрлік химиялық қорғау	1

3.7. Сапа менеджменті жүйесі бойынша қабылданған іс-шаралардың орындалуы, номенклатуралық іс-қағаздардың айналымы ішкі аудит жұмыстарының жүргізілі

СТ РК ISO 9001:2016 талаптарына сай нақтылы менеджмент жүйесін әзірлеуді, талдауді және енгізуді жүргізу барысында, колледждің алғашқы дайындық этапта құралған жұмысшы тобы, есеп беру мерзімінде келесі жұмыстарды атқарды:

- ✓ Сапа менеджмент жүйесіне қатысты процесстерді идентификациялау;
- ✓ Сапа менеджмент жүйесінің процесстерін ізділеу және қарым қатынасын анықтау;
- ✓ Менеджмент жүйесінің СТ РК ISO 9001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сай енгізу үшін керекті ресурстарын анықтау;
- ✓ СМЖ құжаттарының құрылымы және құрамы, жауапкершілікті бөлу және құжаттардың жоспарың өңдеу туралы жазбаша ұсыныстар беру;

- ✓ СТ РК ISO 9001:2016 талаптарына сай нақтылы менеджмент жүйесінің құжаттарын талдау;
- ✓ СТ РК ISO 9001:2016 талаптарына сай менеджмент жүйесі бойынша жоғарғы басшыларға оқулық курстарың өткізу.

Жоғарыда аталған мақсаттарға жету үшін :

- ✓ Нақтылы менеджмент жүйесінің СТ РК ISO 9001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сай талдау және бағалау
- ✓ СТ РК ISO 9001:2016 талаптарына сай нақтылы менеджмент жүйесінің сәйкестіктерің анықтау, жетіспейтің элементтерің одан ары ұйымның жұмысына енгізу үшін сипаттау және идентификациялау;
- ✓ Колледждің қызметін СТ РК ISO 9001:2016 талаптарына сай келтіру ;
- ✓ Колледждің қызметіне СМЖ принциптарың енгізу;
- ✓ Колледж қызметкерлеріңе СМЖ басқару тәжірибесімен теориясын оқыту;
- ✓ СМЖ қызметін құру ;
- ✓ Колледждің менеджмент жүйесін ISO 9001:2016 талаптарына сәйкестік сертификатын сыртқы дербес инспекциялық тексеруден өткізу.

Бәрнеше жыл кезеңнің қорытындысы бойынша нақтылы менеджмент жүйесінің ISO 9001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сай бағалау келесі қорытынды шығаруға болады.

Колледжде ИСО 9001:2008 халықаралық стандартының талаптарына сай енгізілген СМЖ жұмыстарының саясаты мен мақсаттарының орындалу қарқыны орташа.

СМЖ процесстерін идентификациялау.

Колледждің ұйымдастыру құрамы және ISO 9001:2016 стандартының сапа менеджмент жүйесінің моделдері бойынша сапа менеджменті жүйесіне қажетті процесстер идентификацияланған:

Кесте 1

Ішкі нормативтік құжаттар тізбесі

р/р №	Атауы	СМЖ құжаттарының коды	Жауапты
1.	Сапа жөніндегі Жетекшілік	КҚТК СЖ 001-18	
2.	Ішкі нормативтік құжаттаманы басқару	КҚТК ПРО 401-18	
3.	Сыртқы құжаттарды басқару	КҚТК ПРО 402-18	

4.	Жазбаларды басқару	КҚТК ПРО 403-18	
5.	Мұрағатты басқару	КҚТК ПРО 404-18	
6.	Жақсартуларды жоспарлау	КҚТК ПРО 501-18	
7.	Жауапкершіліктер мен өкілеттіктерді бөлу	КҚТК ПРО 502-18	
8.	Ақпарат алмасу	КҚТК ПРО 503-18	
9.	Басшылық тарапынан талдау	КҚТК ПРО 504-18	
10.	Персоналды басқару	КҚТК ПРО 601-18	
11.	Техникалық құралдарды басқару	КҚТК ПРО 602-18	
12.	Шарттарды талдау	КҚТК ПРО 701-18	
13.	Мемлекеттік сатып алулар	КҚТК ПРО 702-18	
14.	Оқу процесі	КҚТК ПРО 703-18	
15.	Әдістемелік жұмыстар	КҚТК ПРО 704-18	
16.	Тәрбие үрдісін басқару	КҚТК ПРО 705-18	
17.	Тұтынушылардың қанағаттанушылығы	КҚТК ПРО 801-18	
18.	Ішкі аудитті басқару	КҚТК ПРО 802-18	
19.	Сәйкес емес қызметтерді басқару	КҚТК ПРО 803-18	
20.	Түзету және ескерту әрекеттері	КҚТК ПРО 804-18	

СМЖ құжаттарының құрылымы және құрамы бойынша орындалған жұмыстар.

✓ СМЖ құжаттарының жоспар-графигтері дайындалып, келісіліп бекітілді, жобамен барлық орындаушылар таныстырылды;

✓ Жұмысты тездету үшін кенесшілерден көмек алу кестелері жасалынды;

✓ Әзірленген құжаттар ынталы тұлғалармен келісілу жасалынды;

✓ Оқу жылының басында 5 жауапты қызметкерлерді «Инновациялық сапа орталығы» ЖШС «ҚР СТ ИСО 9001-2009 талаптарына сәйкес ұйымның сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудиторын дайындау» бағдарламасы бойынша теориялық дайындықтан өткізіп, олар емтихан тапсыру нәтижесінде «Сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудиторы» ретінде аттестатталды. (қосымша 1)

Орындалған жұмыстар нәтижесі бойынша талдау жасалды, сонын негізінде құжаттардың көлеміне ұсыныстар берілді.

3.8. Қашықтан оқыту технологиялары

Оқу жылының басында ҚР «Білім туралы» Заңы, 5-бабына сәйкес колледждің қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері жасалып бекітілді.

Электрондық оқу-әдістемелік кешендерінің дайындық деңгейіне талдау

жүргізіліп, тізім бойынша барлық педагогикалық жүктемесі (қосымша 1) бар ЦӘК оқытушыларына оқу-әдістемелік кешендерін толықтыруға мерзім белгіленіп, талаптар қойылды.

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және қашықтықтан оқыту технологияларын іске асыру үшін ақпараттық орталықтың материалдық-техникалық жағдайына сараптама жасалынды, талдау жүргізілді. CD, DVD дискілеріне арналған оқу контентіне және желілік оқу мультимедиа контентіне талдау жүргізілді.

Оқытушы, оқу - көмекші құрам және техникалық персоналдың тиісті дайындықтан өтуіне сараптама жүргізіліп, сол дайындықты жоғарылату мақсатында колледждің әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен семинар-тренингтер өткізілді. Семинар-тренингтердің тақырыптары: «Электронды оқулықтар дайындау әдістемесі», «Арнайы пәндерден силабус құрастыру әдістемесі», «Тест тапсырмаларын құрастыру», zhambyltypo.kz сайтын дұрыс пайдалану, баға қою, электрондық оқулықтарды енгізу бойынша және т.б.

Оқу жылының басында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес барлық мамандықтар бойынша қашықтықтан білім беру оқу жоспарлары жасалынып, бекітілді. Қашықтықтан білім беру технологиясының дидактикалық құралдарын әзірлеу жұмыстарына жоспар-тізбе дайындалып, бекітілді. Жоспардағы көрсетілген мерзімдері бойынша бақылау жүргізіліп, тиісті шаралар қабылданды.

Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес қашықтықтан оқитын академиялық топтарға оқу бөлімінің мамандарының күшімен сабақ кестелері кеңес беру (консультация) графиктері жасалынып бекітілді.

Қашықтықтан оқыту бөлімі бойынша бекітілген педагогикалық жүктемесіне сәйкес оқытушылардың оқу-әдістемелік кешендерінің электронды нұсқалары талапқа сай дайындалып, әдістемелік орталыққа өткізілуі, оқу процесінің графигіне және оқу жоспарына сәйкес бақылауда болды.

Сыртқы бөлім бойынша оқу-әдістемелік кешендері электрондық нұсқасы жиналып, электрондық база жасалынды.

4. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ

2020-2021 оқу жылында Қаратау құрылыс-техникалық колледжі төмендегі бағыттарда жұмыс атқарды:

- Оқырмандарға сапалы қызмет көрсету;
- Кітапханаға жазылған білімгерлер мен оқытушыларға оқырман формулярын ашу;
- Оқырмандар сұранысымен жұмыс жүргізу;
- Оқырмандарға арналған әртүрлі іс - шаралар өткізу;

Оқырмандарға қызмет көрсету

Оқырман саны - 80

Келушілер саны – 390

Кітап беру саны –1297

Мерзімді басылымдар беру саны – 68

4.1.Оқырмандар құрамы

№	Білім ордасының құрамы	Құрамы	2020-2021 оқу жылғы жоспары	Орындалуы	%
1	Күндізгі бөлім білімгерлері.	378	257	80	32
2	Сырттай бөлім білімгерлері.	98	-	-	-
3	Оқытушылар	44	40	34	77
4	Колледж қызметкерлері.	31	30	14	19
5	Тағы басқалар (ш.б.)	30	25	8	12
6	Барлығы.	581	352	136	140

Жоспар бойынша

Оқырмандардың келу саны –3215

Орындалғаны – 2859

Кітап беру пункті	2018-2019 оқу жылғы жоспары	Орындалғаны	%
ҚҚТК кітапханасы	3215	2859	90

2019-2020 оқу жылына жоспар бойынша кітап беру саны - 1653

Орындалғаны - 1297

Кітап беру пункті	2019-2020 оқу жылғы жоспары	Орындалғаны.	%
ҚҚТК кітапханасы	1753	1297	80

4.2.Мерзімді басылымдармен жұмыс

Колледж әкімшілігі әр жартыжылдық сайын оқытушылар мен білімгерлерге қажетті мерзімді басылымдарға жазылып отырады, жазылу көрсеткіші

төменде көрсетілген:

2021 жылдың 1 - жартыжылдығы.

Мерзімді басылым	Барлығы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
Журналдар	15	13	2
Газеттер	20	16	4
Барлығы	35	29	6

2020 жылдың 2 - жартыжылдығы

Мерзімді басылым	Барлығы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
Журналдар	12	10	2
Газеттер	18	14	4
Барлығы	30	24	6

Қаратау құрылыс-техникалық колледж кітапханасының жалпы қоры 38503 дананы құрайды. Қосымша қорды анықтамалықтар мен сөздіктер, әдістемелік оқулықтар мен нұсқаулар және мерзімді басылымдар құрайды. Анықтамалықтар мен сөздіктер саны – 388 дана, әдістемелік оқулықтар мен нұсқаулардың жалпы саны – 2364 дана, общ.проф. – 1456дана, электрондық оқулықтар – 351, әдеби кітаптар – 3191, жалпы білім беретін оқулықтар – 3690, арнайы пәндер – 22882 (ішінде энцикл. мен сөздіктер-207), Плакаттар ПИР– 249, өзін-өзі тану– 618, басқа қосымша – 3314.

Колледж кітапханасына келіп түскен кітаптар саны 231 дана (төмендегі таблица бойынша көрсетілген):

№	Оқу жылы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Шет тілінде	Электронды оқулық	Барлығы
1	2019-2020 оқу жылы	165	7	-	59	231

Колледж кітапханасы –кітап қоры және кітаппен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді сонымен қатар оқытушылармен тығыз байланыста болып, әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырып отырады.

Кітапханада оқу жылына жасалған жоспарға сәйкес және жоспардан тыс іс-шаралар өткізілді. Мысалы: даталы күндерге, ақын –жазушылардың мерейтойларына, жаңадан келіп түскен әдебиеттерді насихаттау мақсатында кітап көрмелері, пікір сайыс, кітапхана сабақтары, дөңгелек үстелдер, оқырман конференциясы, әдеби – сазды кештер мен көрмелер ұйымдастырылды..

Өткізілген іс-шаралардың тақырыбы және мерзімі туралы ақпарат тіркелген (қосымша -19).

5. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ.

2020 – 2021 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарыҚР Конституциясы,«Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» кодексі, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы»2004 жылғы 9 шілдедегі № 591-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы,«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410- V ҚР заңы,«Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының заңы, Қазақстан Республикасының Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы Заңы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарын», Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алынып,Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының нұсқау - хаттары мен ережелерінің негізінде төмендегі бағыттары бойынша жүзеге асырылды:

- ✓ *Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие*
- ✓ *Рухани-адамгершілік тәрбие*
- ✓ *Ұлттық тәрбие*
- ✓ *Отбасы тәрбиесі*
- ✓ *Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие*
- ✓ *Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі*
- ✓ *Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие*
- ✓ *Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.*

Міндеттері:

- ✓ Тәрбиені денсаулық сақтау технологиясымен қамтамасыз ету және салауатты өмір салтын бекіту, студенттерді өз қылығына, отбасылық

өмірге жауапкершілікпен қарауды дайындығын қамтамасыз ету, өнер, қоршаған орта, қоғамдық – пайдалы іс әрекеттер арқылы жалпы адамдық қасиеттерді дамыту;

- ✓ Колледж студенттерінің өзін - өзі басқару органдары (жастар комитеті және студенттер кеңесі) іс - әрекетінде шынайы мүмкіндік жолымен Республикамыздың қоғамдық – саяси өміріне қатысу қажеттігін қалыптастыру.
- ✓ Саяси мәдениет пен отансүйгіштікке, ұлттық азаматтық көзқарасқа тәрбиелеу;
- ✓ Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы тәрбиесінің бір бөлігі болып табылатын адамгершілік-жыныстық тәрбиені жетілдіру;
- ✓ Студенттердің танымдық-шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- ✓ Студенттердің тұлға дамуының негізі болатын ой - сана және денсаулығын қалыптастыру;
- ✓ Отанға деген сүйіспеншілік, оның тағдырына жауапкершілік, өз елінің тарихы мен мәдениетін және әлемдік қауымдастық мәселесін ұғынуға талпынысын тәрбиелеу;
- ✓ Нарықтық қатынас жүйесінде студенттерге бағыт – бағдар беру және өз бетімен өзіндік іс - әрекет ету қасиетін дамыту
- ✓ Кәсіби іс - әрекетке дайындығын, осы орайда өзінің келешегін жоспарлау қабілетін қалыптастыру;
- ✓ Тәрбие үрдісінде мониторингтік зерттеу қорытындысын қолдану
- ✓ Жоғары кәсіби мәдениетті қалыптастыру, іс- шараларды дұрыс ұйымдас-
- ✓ дастыру мен жоспарлауға тәрбиелеу;
- ✓ Тәрбие жұмысы бағыттарын негіз ретінде ала отырып клубтар, секциялар,
- ✓ кеңестер т.б жолдар арқылы жүзеге асыру;
- ✓ Ата – аналармен жұмысты жандандыру, ата –аналар комитеті мен
- ✓ қамқоршылық кеңес жұмыстарын ұйымдастыру.

2020-2021 оқу жылында тәрбие субъектілерінен 21 топ жетекшісі, педагог-психолог, жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы, колледжге бекітілген учаскелік полиция инспекторы, өзін-өзі басқару комитеті, кітапханашы және түрлі үйірме жетекшілері жұмыс атқарды.

Оқу жылында барлық топ білім алушылары өздерінің жас

ерекшеліктеріне сәйкес жоспарланған тәрбиелік шараларына белсенділікпен, қызығушылықпен қатысты. Колледжде тәрбие жұмысын ұйымдастыру Қазақстандық элитаға кіруге мүмкіндігі мол, сонымен қатар нақты кәсіби салада бәсекеге қабілетті әлеуетті тұлғаларды қалыптастыруға бағытталған.

Алға қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін ұйымдастыру сәйкесінше нормативтік-құқықтық базасы жасақталған. Жалпы колледжішілік тәрбие жұмыс жоспарындағы іс шараларды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының, халықаралық, әлемдік бекітілген мерекелік және атаулы күндерді, сонымен қатар колледждің дәстүрлі іс-шараларын, қала, аудан, облыс, республика, әлемнің әлеуметтік және саяси жаңалықтар мен фактілерді ескере отырып, тәрбие жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Оның мазмұны, ұйымдастыру формалары мен әдістері үнемі толықтырылып, жоспар бойынша тәрбие жұмысы төмендегідей бағыттарға негізделіп, іске асырылады. Атап айтсақ:

- Колледждегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру ережесі және жұмыс жоспары
- Топ жетекшілер кеңесінің ережесі және жұмыс жоспары;
- Жатақхана студенттері жөніндегі ережелер және іс-шаралар жоспары;
- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары;
- Үйірме жұмыстары бойынша жұмыс жоспарлар жасалды.

5.1.Басқа діни ағымдар бойынша тіркеуде тұрған білімгерлермен жұмыс

Ахметғалиев Жандос Нұржанұлы, 09.08.2003ж. III-ші курс студенті. Ата-анасымен бірге «Игова куәгерлері» дәстүрлі емес діни ағымын ұстанады, мектеп қабырғасынан бастап. Аталған бағыт дәстүрлі емес болғанымен, ресми тіркеуден өткендіктен студентпен және ата-анасымен сұхбаттасу жұмыстары ғана жүргізілуде. Білімгер тарапынан өзінің діни көзқарасын үшінші тұлғаларға таңу немесе насихаттау фактілері анықталмаған. Тәлімгер ретінде топ жетекшісі Асанова Н.О. бекітілген. Мінезі салмақты, топта ерекшеленбейді, сабаққа тұрақты қатысады, үлгерімі жақсы. Ата-анасы жұмыссыз. Мектеп қабырғасынан осы діни бағытты ұстанады, ұстану негізі ата-анасының аталған діндегі көзқараста болуы. Білімгермен жұмыс Талас аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Б.Төмешбаймен кеңесе отырып жүзеге асырылды.

Білімгерлер үшін ішкі тәртіп ережесінің 26,26-1 бөліктерінде көрсетілген міндетті киім формасын бұзу, яғни қандай да бір діни рәсімдегі киім үлгісін кию білімгер тарапынан орын алмаған.

2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша дәстүрлі емес ағымда бір студент (жоғарыда көрсетілді). 2019-2020 оқу жылында екі студент. (

Абдуман Нариман Бостанұлы, 21.02.1998ж , 0707 мамандығы бойынша колледжді бітіріп кетті).Аталған білімгердің барлығы ата-анасының ықпалымен, мектеп қабырғасынан «Игова куәгерлері» бағытын ұстанған. Соңғы екі жылдың көрсеткіші колледждегі дәстүрлі емес діни ағымды ұстанатындардың кемігендігін өрнектейді.

2020-2021 оқу жылында 104 білімгер (2019-2020 оқу жылы-121) колледжді тамамдады. Аталған тұлғалар ішінде діни оқу орнында білімін жалғастыруға ниетті жастар болған жоқ.

Дегенімен, «Аналитикалық интернет картасы» бағдарламасы арқылы «ВКонтакте » әлеуметтік желісіндегі деструктивтік діни контенттерге тіркелген жасөспірімдер арасында колледждің жеті студентінің бар екендігі анықталды . Барлығына ҚР ҚК 174 бабы (әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру) түсіндірілді.

Өз кезегінде студенттер қызығушылық салдарынан аталған контенттерге тіркелгендігі белгілі болды. Аудандық жастар орталығының теологы Ж. Өнебековтың ұйымдастыруымен жүргізілген түсіндіру жұмыстары нәтижесінде білімгерлер деструктивтік контенттерден шықты. Бұл жасөспірімдер арасында теріс діни ағымды тұрақты ұстанатын тұлғалар жоқ.

5.2. Жүргізілген рейдтер және ақпарат

1. 2020-21 оқу жылының ІІ-ші жартысында аудандық ПБ –де, колледждің ішкі тіркеуінде тұрған білімгерлермен жұмыс.

1.1.Оқу жылы ішінде тіркелген құқық бұзушылық саны , оған қатысқан жасөспірім саны

Кесте 1

P/c	Оқу жылында тіркелген құқық бұзушылық						Салыстыру (+, -) (соңғы екі жыл)	
	2018-19 оқу жылы		2019-20 оқу жылы		2020-2021 оқу жылы			
	саны	қатысқан-дар саны	сан ы	қатысқан-дар саны	саны	қатысқандар саны	саны	қатысқандар саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	4	12	-	-	1	1	-1	-1

1.2. Талас АПБ ЖПҚ ЮПИ және (немесе) колледжішілік есепке алынған білімгерлер саны

Кесте 2

2018-19 оқу жылы тіркелген		2019-20 оқу жылы тіркелген		2020-2021 оқу жылы тіркелген (ІІ-ші жарт)		Салыстыру (+, -) (соңғы екі жыл)	
ЖПҚ ЮПИ	Ішкі есепте	ЖПҚ ЮПИ	Ішкі есепте	ЖПҚ ЮПИ	Ішкі есепте		
1	2	3	4	5	6		
-	12	1	30	2	28	-2	+2

Талас АПБ профилактикалық есебі:

1. 1305-«Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша І-ші курс студенті **Аксиенко Роман Сергеевич** (кесте1 бағана 6,7; кесте 2 бағана5) 2020 жылдың 22 желтоқсанында сағ. 18.00 шамасында Б.Момышұлы көшесі 14 үйдің 6-шы қабатында (өзінің тұрғылықты мекен-жайында) өсімдік тектес затты тұтыну дерегі бойынша күдікті ретінде учаскелік полиция қызметкерімен ұсталған. Аталған іс ҚР ҚК 296 б. 2тарм. бойынша сотқа жолданған.

Студент Аксиенко Роман Сергеевичпен жүргізілген жұмыстар:

- 12.09.2020 ж., 24.12.2020ж., 18.02.2021ж, 10.05.2021ж студенттің мекен-жайы бойынша бөлім меңгерушілері Ғ.Ибраимов пен Н.Субинов тарапынан зерделеу жұмыстары жүргізілген, қамқоршысы Панченко Надежда Федоровнамен түсіндіру жұмыстары жүргізілген;
- 20.09.2020ж. және 05.11.2020ж. топ жетекшісі А.Шымырбекова мекен-жайы бойынша студенттің отбасымен және тұрмыс жағдайымен танысу –анықтау жұмыстарын жүргізген.
- 11.11.2020 жылы, онлайн форматта, Талас аудандық орталық ауруханасының нарколог-психиатры Т.Жаңабайдың , алдын алу бөлімінің бас маманы З.Оңалбекованың және Жамбыл облысы ІД Талас және Сарысу ауданаралық есірткіге қарсы күрес бөлімінің бастығы полиция капитаны Д.Бектеміровтың қатысуыме «Есірткісіз болашақ» атты тақырыпта кездесу өткізілді. Аталған іс-шараға студенттің қамқоршысы Н.Панченкоға қатысқан. Іс-шара «TALAS TYNYSY» газетінің 2020 жылғы 24 қарашадағы №88 (10267) жарық көрген.

Сонымен қатар, студент педагог –психолог тарапынан алынған, анонимді форматта, сауалнамаларға («Топ жетекшісі студент көзімен», «Жасөспірімдердің дінге көзқарасы», «Өмір сен қымбатсың», суицидтің алдын алу, әлім-жетіктің алдын алу және т.б.) қатысқан.

Колледждің құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің 2020 жылдың 23 желтоқсанында №4 хаттамалық қаулысымен колледжішілік профилактикалық есепке алынып, тәлімгер тағайындалды.

2. 1201000- «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша ІІ-ші курс студенті **Шыныбеков Ельмурат Маханбетиярович** (25.10.2003ж.т.) 2021 жылдың 22 маусымында басқа тұлғаның ұялы телефонын алып қойған.

Аталған құқық бұзушылық орын алғанға дейін колледж тарапынан келесі жұмыстар атқарылған.

2021жылдың 12 маусымында ата-анасы Шыныбекова Римма баласымен бірге колледжге шақырылып, өздігінен баласының беймезгіл уақытта жүруіне болмайтындығы, құқық бұзушылықтың салдары түсіндірілген.

26.05.2021жылғы (шығыс №336) хатпен Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 2 тармағына сәйкес, жазғы каникул кезеңінде ата-

ананың баласының мінез-құлқына жауапты екендігі, әрі түнгі уақытта заңды өкілдерінсіз жүруіне болмайтындығы жөнінде ескертілген.

16.06. 2021 күні топ жетекшісі М.Қырғызбаев кешкі кезеңде студенттің мекен-жайы бойынша тұрғылықты үйінде болуы бойынша анықтау жұмыстарын жүргізіп, профилактикалық әңгімелесу өткізген.

Колледж тарапынан «Біз біргеміз» акциясы аясында студенттің отбасына азық-түлік пакеті түрінде бірнеше мәрте әлеуметтік көмек көрсетілген.

Шыныбеков Е. аталған фактіге дейін ешқандай құқық бұзушылыққа қатыспаған.

Колледждің құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің 2021 жылдың 26 маусымдағы № хаттамалық қаулысымен колледжішілік профилактикалық есепке алынып, тәлімгер тағайындалды.

Колледжішілік профилактикалық есепте 28 жасөспірім (7,4%) тіркеуде. Оқу жылының басында 35 студент болған, оның алтауы колледжді бітіруіне байланысты, үшеуі тәртібінің оң бағытта өзгеруіне байланысты профилкаталикалық есептен шығарылды. Сонымен қатар 271 білімгер колледждегі еріктілер қозғалысының мүшесі. Оның ішінде, 75 жасөспірім аудандық волонтерлар қозғалысына тұрақты түрде ат салысады.

5.3 Жайсыз отбасы ретінде тіркеуге алынған отбасылармен жұмыс

- Жамбыл облысы Полиция Департаментінің мәліметіне сәйкес, жайсыз отбасы тізімінде колледждің II-курс студенті Олейник Анжела Владимировна (24.04.2004ж.т.) және кәмелетке толмаған балаларына байланысты өзінің тәрбиелеу мен білім беру міндетін орындамаған ата-аналар тізімінде студенттің анасы Олейник Оксана Сергеевна (15.01.1977ж.т.) және әкесі Гаевский Владимир Владимирович (02.06.1968ж.т.) бар, сонымен қатар 2020жылдың 2 желтоқсанындағы шығыс №773 хатпен бұл жөнінде кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға ақпарат жолданған.

Кесте 3

Студенттің аты-жөні, туылған ж	жүргізілген профилактикалық жұмыстар	ескерту
Олейник Анжела Владимировна, 24.04.2004ж.т. II-курс.	Оқу жылының I-ші жартысында негізсіз себептермен 290 сағ сабақтан қалған. Колледж қызметкерлері және инспекторы тарапынан тұрақты қадағалау жүргізуде. Беймезгіл уақытта мақсатсыз көшеде жүруге бейім. Анасын тыңдамайды. Олейник Оксана Сергеевна, жалғыз басты ана, ТАОЕ «Употребл. алкоголя, синдром зависимости» диагнозы б-ша наркологиялық есебінде тұр. Колл әкімшілігінің ұсынысы б-ша Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның	Талас ауданы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқығын қорғау комиссиясының қаулысымен (№22, 14.11.2019ж) жөніндегі жайсыз отбасы деп танылған. Апасы Т.Олейниктің зейнетақысынан

	11.05.2021ж. №15 қаулысымен қоғамдық жұмыспен қамтылды. Мұндай жұмыстар 2019-20 оқу жылында да колледж тарапынан О.Олейникті жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде тіркеу әрекеттері жүргізілді. Алайда, аталған тұлғаның жауапсыздығы нәтижесінде аяқсыз қалды. Студенттің анасы О.Олейник пен әкесі В.Гаевский арасында заңды неке жоқ. Соңғы аталған тұлға да спирттік ішімдіктерді тұрақты, әрі зиянкесті тұтынады. Олейник Анжела 19.11.2019 ж. колледж директорының №258 бұйрығымен колледжішілік тіркеуге алынып, тәлімгер тағайындалған. Тәлімгері тарапынан үздіксіз жұмыстар жүргізілуде.	басқа отбасының тұрақты табысы жоқ,
--	---	-------------------------------------

5.4. Құқық бұзушылықтың алдын алуға арналған жұмыстар

Құқық

Р/с	Іс-шараның түрі (семинар, дөңгелек үстел, тренингтер, дебат, кездесулер және т.б.)	Іс-шара саны			Қатысқан лауазымды тұлғалар (құзырлы органдар) мен мүдделі ұйымдардың өкілдерінің саны
		I-с	II-с	бар	
1	Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатындағы іс-шаралар	3	2	5	Денсаулық сақтау қызметкер-лері- 5, Жастар орт. қызметкері-1
2	Наркопост және өзге де жұқпалы аурулардың , алдын алу	2	2	4	Денсаулық сақтау қызметкер-лері-3, ПО қызметкері-1, СЭС маманы-1, спортсмендер-3
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған іс-шаралардың орындалуы	4	4	8	Қызметкер-5, ҰЕҰ-1, Прокуратура -1, жазушы-1
4	Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға бағытталған іс-шаралар	3	9	12	ПО қызметкері-2,прокуратура-2, ҰЕҰ-1, дін қызметкері-1 ҚТЖ РМК-2, ТЖ қызметкері-2
5	Экстремизм мен терроризмнің алдын алуға және деструктивтік ағымдарға төзімсіздікті қалыптастыруға бағытталған	1	6	7	ҰЕҰ-1, мемл қызметкер-2, Теолог мамандар-2
Жалпы		13	23	36	
Рейд жұмыстары		8	12	20	

Жекелеген бағыттар бойынша және олардың мазмұны кесте 4 - кесте 7 көрсетілді.

. Ерте жүктіліктің алдын алу, балаларға қол сұғушылықтар және өзін-өзі қол жұмсаудың алдын –алу бойынша түсіндіру жұмыстары

Колледжде жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында жоспарға сәйкес, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйым өкілдерінің қатысуымен «Нұр Отан» партиясының «Бақытты отбасы» бағдарламасы және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тұрақты

жұмыстар жүргізілуді. Атап айтқанда, Талас аудандық орталық ауруханасының қызметкерлерінің қатысуымен үш іс-шара өткізілді. Сонымен қатар, колледж медбикесі мен колледж психологының ұйымдастыруымен жоспарға сәйкес іс-шаралар жүргізілді.

№	Іс-шараның тақырыбы	мерзімі	Қатысқандар
I. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатындағы іс-шаралар			
1	«Кәмелетке толмаған қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында студент қыз балаларымен онлайн режимінде кездесу ұйымдастырылды.	11.10.2020	Талас ауд. орт. ауруханасының әйелдер кеңесі бөлімінің психологы Б.Сейдрашова және Жастар ресурстық орт. инспект. Н.Мұратқызы
2	«Қыз бала -ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атындағы кездесу	11.12.2020	Талас ауд. орт. аурухана психологы Құлымбетова Айнұр және Н.Қасымбекова
3	Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша «Қыз бала гигиенасы және денсаулығы» атты іс-шара	04.12.2020	Колледж психологы Ж.Маратова және колл. медбикесі Абдикаримова Н.
I-сем. барлығы: 3			
4	Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында бірінші курстың студент қыздарына түсіндіру жұмыстарын жүргізді	12.03.2021	Талас аудандық ауруханасының психологы А.Құлымбетова мен колл. медбикесі А.Абдикаримова
5	1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бақытты бала –бақытты ел» атты респуб. акциясы аясында, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында I-курс топтарының қыз-балаларымен «Есею жолында» тақырыбында іс-шара өткізілді.	10.06.2021	колледж медбикесі Н.Абдикаримова мен педагог-психолог Р.Ережепбаева
II-сем. барлығы:		2	
2020-2021 оқу жылында		5	

Қатысқан қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар жалпы- 6 (жекелеген қызметкерлерлер бірнеше іс-шара қатысқан), оның:

- Талас аудандық орталық ауруханасының қызметкерлері- 5
- Талас аудандық аудандық жастар ресурстық орталығының қызметкері-1

Тәртіп бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмысы

Кеңес жұмысының жоспары ҚР Конституциясының, «Бала құқықтары туралы» ҚР 3, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 ж. 9 шілдедегі № 591-ІІ ҚРЗ және Жамбыл облыстық Білім басқармасы нұсқаулары мен бектілген жоспарлары негізінде жасалынды.

Оқу жылының басында ,яғни қыркүйек айында барлық топ

жетекшілеріне қадағалауды талап ететін білімгерлер контингентін (қадағалаусыз қалған бала, тұрмысы қолайсыз отбасыдан шыққан білімгер, тәуекел тобындағы білімгерлер (құқық бұзушылыққа бейім білімгер, қоғамдық қатынастағы әлсіз білімгерлер), панасыз қалған бала) анықтау мақсатында тапсырма берілді. Аталған контингенттегі ұғымға жоғарыдағы заңдағы түсініктеме (1-бап) және білім беру ұйымының міндеті (12-бап) көрсетілді.

Кеңестің мәжілісі айына бір рет міндетті түрде (барлығы 9), сынымен қатар орын алған студенттер тарапынан құқық бұзушылыққа байланысты жеті рет өткізілді.

Оқушыларды (колледж студенттерін) мектепшілік (колледжішілік) есепке алу тәртібі туралы ереже сәйкес, (Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2019 жыл 28 наурыздағы №152 бұйрығымен бекітілген) колледжішілік профилктикалық есепке алынғандар саны оқу жылының басында 35 студентті құраған, оқу жылының соңында-28. Жоғарыда аталған ережеге сәйкес, аталған контингент тәуекел топтарына бөлінген, нақты айтқанда жоғары тәуекел тобында-6, ота тәуекел тобында 22. Әр қайсысы бойынша тәлімгер бекітіліп іс-шаралар жоспары жасалынған. Аталған студенттермен жалпы колледжішілік іс-шаралар, сонымен қатар арнайы осы бейімдегі жасөспірімдерге арналған іс-шаралар өткізілген. Соның ішінде, І-ші курс студенттері арасындағы волейболдан жарыс, «Тараз-қауіпсіз қала » жобасының аясындағы «Мен сіздің учаскелік инспекторыңыз» тақырыбындағы кездесуді және 1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бақытты бала –бақытты ел» атты республикалық акциясы аясында «Судағы қауіпсіздік ережелері және зардап шегушіге алғашқы көмек көрсету» тақырыбында кездесуді атап өтуге болады.

Кеңес мүшелерімен Колледждің ішкі тәртіп ережесінің 28, 28-1 баптарын негізге ала отырып, білімгерлердің тыйым салынған заттарды колледжге алып келу мүмкіндігін анықтауға байланысты оқу топтарында екі рет рейд жүргізілді. Іс-шара барысында аталған кері мазмұндағы ақпараттар анықталған жоқ.

5.5. Қашықтықтан оқыту кезеңінде жүргізілген тақырыптық тәрбие сағаттары мен жұмыстары

Колледжде 2020-2021 оқу жылы Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие концепциясында көрсетілген тәрбиенің негізгі бағыттарына негізделіп жүргізілді.Тәрбиелік шаралар әртүрлі форматта жоспарланып, тәрбие жұмысының бағыттары бойынша төмендегідей ірі шаралар ұйымдастырылды.

Рухани жаңғыру» «Ұлы даланың жеті қыры» аясында кешенді бағдарламаның орындалуы

Елбасы Н.А. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауы мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы идеяларын толық жүзеге асыру мақсатында болашақ мамандардың рухани, интеллектуалдық және кәсіби мүмкіндіктерін ашуға жағдай жасап, бәсекеге қабілетті, құзыретті маман дайындауға колледждің оқу-тәрбие үрдісінде кешенді іс-шараларды ұйымдастыру бағытында Тәуелсіз еліміздің студент жастарын отансүйгіштікке тәрбиелеуде «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық сипаттағы мақаласында және Мәңгілік ел идеясын іске асыруда студенттердің бойына Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және «Рухани жаңғыру» мен «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларының орындалуы барысында 2020 жылдың қыркүйек айынан бастап «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру аясында студенттердің арасында конференция, флешмоб, акциялар, байқаулар, «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандық әлемдегі заманауи Қазақстандық мәдениеті» бағыттары бойынша 1 курстар арасында іс-шаралар ұйымдастырылып, «Туған жер» бағдарламасын басшылыққа ала отырып, тарихи жән әдеби өлкетану бағыты бойынша жандандыру жұмыстары жүргізілді. **ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «30 игі іс »аясында кешенді бағдарламаның орындалуы барысында колледж ұжымы және волонтерлары** ақпан, наурыз , сәуір, мамыр айларында акция ұйымдастырып, жалғыз басты зейнеткерлер мен ардагерлерге, көп балалы және мұқтаж отбасыларға, сондай-ақ өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарға, жалпы 15отбасыға қолдау білдіріп, көмек көрсетілді.

5.6. Кәсіби бағдарлау жұмысы

Болашақта ел тұтқасын ұстайтын азаматтардың болашақ мамандығын анықтауға бағыт-бағдар беру – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселердің бірі. Әрбір оқушының жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін, шеберлігін, қызығушылығын ескеріп бағыт-бағдар,

жекелеген мамандықтар туралы терең білім беру , оқушының жеке-жеке қабілетін, бейімділігін анықтап, бағыт беріп отыру, мамандықты дұрыс таңдауға жол сілтеу— біздің басты міндетіміз және ол үлкен мәселе. Кәсіби бағдарлау жұмысы: мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру мақсатында оқушыларды, ата-аналарды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету, 9-11 сынып оқушыларының арасында, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың, жұмыссыздар мен халықтың табысы аз топтары арасындағы жүргізілетін кәсіптік бағдарлау жұмысын жүргізу болып табылады.

- Оқушыларға ақыл-кеңес беріп, кәсіби таңдауларына сәйкес жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, денсаулықтарына байланысты, аймақтағы мамандарға сұраныстың қажеттілігін негізге алып мамандық таңдау жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіби білім беру аясында әлеуметтік серіктестікті дамыту;
- Кәсіби білім беруде мекемелерімен бірлесіп бағыт беру алдындағы, кәсіби бағыт беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Химия, биология, физика, математика, қоғамтану пәндерінен бағыт бойынша топтық тапсырмасын орындау;
- Кәсіби бағдар беруді оқу бағдарламасына, оқу-тәрбие үдерісіне енгізу.

2020-2021 оқу жылына кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыру еліміздің барлық жерінде пандемия кезеңі өтілгеннен бастап сабақ барысы қашықтықтан оқыту кезеңіне көшкеннен бері барлық іс-шаралар жүйелі орындалуда. Осыған орай, ақпан айынан бастап колледжде кәсіби бағдар беру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мақсатында Қаратау қаласында орналасқан мектептердің 9-11 сынып оқушыларына «Ашық есік» күнін өткізу, Watsapp чаттарымен жүргізген жұмыстары, кәсіби бағдар беру жұмыстарын күшейту және ұйымдастыру бағытында колледждегі жүргізіліп жатқан тыныс-тіршілікті насихаттап, мәдени іс-шаралар мен барлық мамандықтар жайлы ақпаратты таныстырып орналастыру үшін басылым бетіне мақала жариялау, барлық мектеп оқушыларына эссе жазу және сурет салу байқауын ұйымдастыру т.б. сол сияқты жұмыс жоспары мен кестесі жасалып тұрақты жұмыстар жүргізілуде. Қаратау қаласында орналасқан 8 мектеп бойынша 9 сынып бітіретін 421, 11-сынып бітіретін 151

оқушылардың ата-аналары мен өздерінің «ВАТСАП» желілеріне бір жарым ай тұрақты үгіт-насихат жұмыстары мен Талас ауданының маңында шоғырланған елді мекендеріне кәсіби бағдарлау жұмыстары жүргізілді. Барлық қызметкерлер Қаратау қаласында орналасқан ірі сауда үйлері мен көрнекті кәсіпорындар, мекемелер мен халық көп шоғырланатын жерлерге оқуға шақыру қағаздары ілініп, таратылды. Көше -көшеге бөлінген кесте бойынша қызметкерлеріміз түгелдей аралап, үгіттеу жұмыстарын тұрақты жүргізуде.

5.7. Қоғамдық негіздегі ұйымдастырылған колледждің топ жетекшілері, студенттер кеңесі және жастар комитеті мен «Қыздар –ай» клубының жұмыстары

Топ жетекшілер кеңесі оқу топтарында тәрбие сағаттары колледждің оқу тәрбие жұмыстарының жоспарына сәйкес жүргізілуін және оқу топтарында ашық тәрбие сағаттарының түрлі формада сапалы өтуіне өз көмегін тигізді.

Барлық оқу топтарында ашық тәрбие сағаттарының тақырыптары бекітілді. Кесте бойынша тиісті оқытушылар ашық тәрбие сағаттарын өткізді.

Топ жетекшілер кеңесінің жұмысы: Топ жетекшілер кеңесінің төрайымы И. Қожамбаева қашықтықтан оқыту барысында ай сайын топ жетекшілер кеңесінің отырысын ұйымдастырып, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда әдіс- тәсілдерді жетілдіруде топ жетекшілеріне көмек көрсету, топ жетекшілерінің теориялық және практикалық базасын қалыптастыру, тәрбие жүйесін дамыту мақсатында жұмыстар жүргізді

5.8. Жастар комитетінің жұмысы

Қазақстан болашағы – жастар. Жастар - өткен заманның айнасы, келешектің нысанасы. Жастарға қарап біз алдымыздағы болашақты болжаймыз.

Қазіргі кезде жастарды тәрбиелеу ең күрделі әлеуметтік мәселе қатарына жатады. Себебі біліктілігі жоғары мамандар дайындау дегеніміз - оқуды ғана жақсы жолға қою емес, сонымен қатар тәрбие жұмыстарын да

дұрыс ұйымдастыру, білімгерлердің өз күштерін іске асыруына мүмкіндік жасау. Колледж білімгерлерінің сабақтан тыс уақытын тиімді және жан-жақты ұйымдастыру мақсатында клубтар мен үйірмелер және спорттың түрлерінен секциялар жұмыс жүргізеді. Оқу жылының басынан колледж қабырғасындағы 12 үйірмеге 114 білімгер, 10 спорттық секцияға 315 студент қатысады. Нәтижесінде колледж білімгерлерінің 81,95 пайызы аталған бағытта қамтылған.

Осы секциялар мен үйірмелердің тиімді жұмыс істеуінің арқасында колледж білімгерлері мен оқытушыларының бірлесе отырып жастар тәрбиесін қалыптастыру және патриоттық тәрбиені жақсарту мақсатында жоспарланған мәдени іс-шаралары өз деңгейінде өткізілуде.

Колледждің жастар ісі жөніндегі комитетінің 2020-2021 оқу жылындағы атқарған жұмысы туралы іс-шаралар қосымшада көрсетілген .

Оқу жылының басында жастар ісі жөніндегі жылдық жоспар, волонтер жоспары және волонтерлар ережесі жасалып, бекітілді.

«1-қыркүйек білім күніне» арналған салтанатты жиын онлайн формат өткізілді.

1 курс білімгерлері іріктеліп, жалпы колледж волонтерлар құрамына жасақталды, волонтерлар ережеге сәйкес жалпы білімгерлердің 75% құрады.

Оқу жылының басында өзін-өзі басқару комитеті сайланып, 0816-18-96 тобының студенті Томан Ақнұр болып бекітілді.

барысында білімгерлер Президент жолдауымен жан-жақты танысты.

Жыл бойына колледж территориясы мен колледжге бекітілген жерлерді көгалдандыру ісі жүргізіліп отырды.

Оқу жылының басынан өткізілген іс-шаралардың тізімі:

- «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты Талас жастар орталығының қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылды.
- ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың халыққа жолдауын насихаттау бойынша Талас жастар орталығының қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында білімгерлер Президент жолдауымен жан-жақты танысты.
- «Мұғалімдер» күніне арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылды.
- «Волонтерлар жылы» аясында студенттер арасында дебат турнирлері С.Аптауованың бастауымен ұйымдастырылды.

- «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру аясында білімгерлердің арасында конференция, флешмоб, акциялар, байқаулар үздіксіз жүргізіліп отырды.
- Қазақстан Халқы Ассамблеясының 25 жылдығына орай аудандық «Жастар – ұлттар бірлігінің ұйытқысы» атты жастар фестиваліне қатысты.
- 17-қараша «Сәлем, 1 курс студенттері!» атты 1 курс студенттерін білімгерлер қатарына қабылдау рәсімі ұйымдастырылды. Білімгерлерді колледж дәстүрімен таныстырып, студенттік ант қабылданды.
- «Кел, шай ішейік» атты акция өтті. Акция барысында волонтерлар көше қызметкерлеріне шай мен бәліштер ұсынды.
- «1-желтоқсан Тұңғыш Президент» күніне орай музыкалық видео жасау бойынша челлендж ұйымдастырды.
- 1-желтоқсан «Тұңғыш президент» күніне салтанатты жиын ұйымдастырылды.
- 0816-19-96 тобының студенттері «Қайырымдылық жасасаң қайырын өзін көресің» тақырыбында әлеуметтік жағдайы төмен отбасыға көмек көрсетті.
- «Лаула, лаула желтоқсанның мұзда жанған алауы» атты желтоқсан оқиғасына қатысушыларымен және тәуелсіздік құрдастарымен кездесу өткізілді.
- «Волонтерлар жылының» аяқталуына байланысты желтоқсан айында студенттерді колледж директорының марапаттау рәсімі өтті.
- 2020 жылдың 9 желтоқсанында пандемияға қарсы күрес жолында өзгеге қол ұшын созып, тілеулес болғаны үшін колледж волонтерлары аудан әкімінің конференциясына қатысып, марапатталды.
- Колледж волонтерлары «Сақ жүрсең, сау жүресің» берперде тағу акциясын ұйымдастырды. Акция онлайн формата видео арқылы жасалды.
- Ақиық ақын М.Мақатаевтың 90 жылдығына орай ақынның шығармаларын мәнерлеп оқу
- 2021 жылдың 1 наурызында волонтерлар «Алғыс айту» күніне орай колледж түлектеріне рахмет айтып, директордың атынан алғыс хаттар таратты.
- Колледж директоры мен колледж волонтерларының кездесуі өтті. Кездесу барысында атаулы жылдарға байланысты іс-шаралардың ұйымдастырылуы талқыланды. Кездесу барысында қала тұрғындарының

тұрмыс-тіршілігіне зерделеу жасап, волонтерлар тарапынан көмектің қай түрін көрсетуге болатыны анықталды.

- 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік концерттік бағдарлама жүргізілді.
- «Жасыл көпір» бағдарламасы бойынша колледж студенттері халықаралық акцияға қатысып, Тамды әулие бұлағын тазалады.
- «Ұлыстың ұлы күні әз-Наурыз» мерекесіне орай студенттер арасында «Бауырсақ пати» байқауы ұйымдастырылды.
- «Әз-Наурыз» мерекесіне орай мерекелік концерттік бағдарлама жүргізілді. Концерттік бағдарламаны колледж студенттері жүргізіп, қазақтың салт-дәстүрі «Тұсаукесер» қойылымы болды.
- Колледж волонтерлары «Болашақ үшін жаса» атты аудандық экологиялық акцияға қатысты. Акция барысында «Жастар саябағына» ағаштар отырғызды.
- 1-3 курс студенттері арасында «Наурыз нұры» атты сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқау қорытынды бойынша барлық студенттер жүлделі орындар мен номинациялар бойынша марапат пен сыйлықтарға ие болды.
- «Наурыз береке, бірліктің – бастауы» қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Шара барысында колледждің әлеуметтік аз қамтылған студенттері мен ардагер қызметкерлерге қайырымдылық ретінде қазақтың ұлттық тағамдары мен басқа да мерекелік тәттілері ұсынылды.
- «Дарын» өнер мектебінің жанына орналасқан киіз үй маңына студенттердің қолдарынан шыққан қазақтың ұлттық бұйымдарынан көрме жасалды.
- «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына» орай «Парасат майданы» дебат клубының ұйымдастыруымен мектепаралық «De Battle» пікірсайыс турнирі өткізілді.
- «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына» орай «30 игі іс» акциясы қолға алынып, Қаратау қаласының тұрмысы төмен, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларына көмек көрсетті. Сонымен қатар, колледж волонтерлары «Кең болсаң, кем болмайсың» ұранымен «Үміт» мектеп-интернатының мүмкіндігі шектеулі ерекше оқушыларымен табиғат аясында серуен құрды.
- Колледждің 55 жылдығына орай ашық аспан астында шектеулі адам санымен салтанатты концерт өткізілді.

- 7-мамыр Отан қорғаушылар күніне орай қашықтықтан, тікелей эфирде мерекелік концерт ұйымдастырылды.
- 1-маусым Балалар күніне орай, колледжде дәстүрлі форматта оқып жатқан 1-курс студенттеріне «Бақытты балалық шақ» атты акция аясында балмұздақтар мен тәтті бәліштер таратылды.
- Колледж қабырғасында дәстүрлі форматта оқып жатқан 1-курс студенттері ҚР Рәміздер күніне орай ҚР Әнұранын ашық аспан астында шырқады.

Қорыта айтқанда, жастар ісі бойынша жоспарға бекітілген іс-шаралардың барлығы атқарылды.

5.9. «Қыздар -ай» қыздар кеңесінің жұмысы

«Қыздар-ай» қыздар кеңесінің мақсаты: Колледждегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәбие беру.

Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, махаббат, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл қыз балалардың қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығы, аяушылық білдіруге тән белгілі бір сезімдерді бастан кешіруіне жағдай жасауға байланысты ұйымдастырылуда. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды ұлттық киім үлгісін және шаш өруге, мәдениеттілікке үйрету ескеріледі.

Колледждегі қыз балалардың тәрбиесіне, оларда заман талабына сай әйел идеалын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аудару қажет. «Қыздар-ай» қыздар кеңесінің құрамы:

Сулейменова Лаура – оқытушы, кеңес төрайымы.

Мүшелері:

Қарнақбаева Эльмира – социолог

Маратова Жанерке - психолог

Қожамбаева Индира - тәрбие орынбасары

М. Жаңбырбай - ЦӘК жетекшісі,

Н. Абдикаримова - медбике

Томан Ақнұр -өзін-өзі басқару комитетінің төрайымы 0816-18-96 тобының білімгері жұмыс жасады. Оқу жылының бірінші жарты жылдығында «Қыздар-ай» қыздар кеңесінің жетекшісі, колледж медбикесі және педагог -психологтың ұйымдастыруымен: «Кәмелетке толмаған қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу» және «Қыз бала гигиенасы», «Ерте жүктілік деген не?» тақырыбында қыз балалармен онлайн және офлайн түрде кездесулер өтіліп талқылады. Екінші жарты жылдықта қыз балалар қауымына қазіргі қоғамдағы ең бір түйткілді мәселелердің бірі ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Қыз бала гигиенасы және ерте жүктіліктің алдын алу», «Қыз тәрбиесі – ұлт болашағы, «Есею жолында» т.б. тақырыптарында ТАОА қызметкерлері, жоғары санатты психологтар және ардақты көпбалалы ардақты аналар, ардагер ұстаздармен бірлесе 1-4 курс қыз балалары арасында zoom платформасы арқылы кездесулер мен түсіндіру жұмыстары, пікірталастар өтіліп, маңызды ақпараттар желілерге жүктелді.

5.10. Дене шынықтыру мен спортты дамыту, үйірмелер.

2020 жылғы 25 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің карантиндік шектеу шаралары және кезең-кезеңмен жеңілдету туралы № 68 Қаулысына сәйкес білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің, білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялаған пандемия кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі – коронавирустық инфекция) таралуының алдын алу мақсатында мемлекеттік комиссияның 2020 жылғы 16 наурыздағы № 1, 20 наурыздағы № 2 және 26 наурыздағы № 6 хаттамаларын орындау үшін колледжде спорттың жалпы 10 түрінен секция жүргізіледі, 6 спорт түрі колледжде, 4 спорт түрі мекемеден тыс спорттық секцияда өтіледі. ЖАЛПЫ денешынықтыру пәні бойынша спорттың 10 секция түрінен Ұлттық Деректер қорына мәлімет берілген.

№	Колледж атауы	Студент тер контингенті	Түрлері бойынша спорттық секциялардың саны										Спорттық секцияларға қатысатын студенттер,
			волейбол	тоғызқұма	Асық ату	шахматы	Футбол	Баскетбол	Үстел	Қазақша	Бокс	Жеңіл	
1	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	
1	Қаратау құрылыс-техникалық колледжі	383	60	21	22	23	49	60	48	14	11	41	338 студент/10 секция

2020-2021 оқу жылы

№	Колледж атауы	Студент тер контингенті	Түрлері бойынша спорттық секциялардың саны										Спорттық секцияларға қатысатын балалар,
			волейбол	тоғызқұма	Асық ату	шахматы	Футбол	Баскетбол	Үстел	Қазақша	Бокс	Жеңіл	
1	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	
1	Қаратау құрылыс-техникалық колледжі	371	50	37	31	23	55	64	52	14	11	57	315 студент/10 секция

2020 оқу жылында студенттердің контингентіне байланысты 2019 оқу жылына қарағанда 7 % төмендеген.

«Жас сарбаз» әскери патриоттық клубы саламатты өмір салтын қалыптастыруда жастардың патриоттық сезімін ояту және ҚР Қарулы күштер қатарына дайындау, бұқаралық дене шынықтыру және спорттық қозғалысты дамыту, жастарды отан сүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу, алған білімдерін практикалық түрде көрсетіп дамытуға ықпал жасау мақсатында құрылған. Қазіргі таңда әскери-патриоттық клубта 26 студент жасақталған. Клуб мүшелері 2021 жылдың мамыр айында өтілген «Сұңқар» әскери-патриоттық байқауында жүлделі 3 орынды иеленді.

Колледждің үш білімгері Көгалдағы хоккейден Қазақстан

Республикасының 3 спорт шебері, бір білімгер қазақша күрестен спорт шеберіне кандидат, бір білімгер Асық ату спортынан жасөспірімдер арасындағы ҚР Чемпионы .

Кесте 3

№	Білімгерлердің аты-жөні	Жетістіктің мазмұны	Берілген мерзімі, жылы
1	Арынбай Алтынай Берденова Сабина Ескермесова Феруза	Кеңес Одағының батыры Б. Момышұлы еске алуға арналған индор-хоккейден республикалық турнирден III –орын	Тараз, 2019ж
2	Арынбай Алтынай Берденова Сабина Ескермесова Феруза	Көгалдағы хоккейден жасөспірім қыздар арасында ҚР III-IV тур чемпионатында II орын	Талдықорған қаласы, 2019 жыл
3	Арынбай Алтынай Берденова Сабина Ескермесова Феруза	Көгалдағы хоккейден жасөспірім қыздар арасында ҚР чемпионатында I орын	Қызылорда қаласы, 2019ж
4	Кемпірбай Ерсұлтан	Асық атудан ҚР чемпионы	Астана қаласы 2019

Саналы ұрпақ» клубы жыл бойғы өзінің жоспарға сәйкес жұмысын атқарды. 2021 жылдың мамыр айында колледж кітапханасы бұрышынан «Парасат жолы» орталығы ашылды. Одан бөлек

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді ендіру арқылы оқу сапасын арттыру, білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, білім саласының барлық субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылығын көтеру, білім саласы субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын өсіру, студенттерді және оқытушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жетекшілеріне айналдыру мақсатында 2 дөңгелек үстел, 2 кездесу өтілді.

5.11.Колледж жатақхана кеңесінің жұмысы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 қаулысына сәйкес карантиндік шектеу шаралары және кезең-кезеңмен жеңілдету туралы оқу-тәрбие қызметін жүзеге асыратын білім беру ұйымдары, оның ішінде интернаттарда, жатақханаларда санитариялық-

эпидемиологиялық және алдын алу іс-шараларын күшейту бойынша шаралар қабылданды. Оқу жылының екінші семестрінен штаттық оқуға көшкелі 1 курстың өзге облыстан келген 3 студенті жатақханаға орналасты.

Елбасының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әлеу-аухатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмаларды орындау мақсатында колледж жатақханасында білімгерлерге жан-жақты әлеуметтік тұрмыс жағдай жасалуда. Жатақханада демалыс орнын, асханасын, жуынатын бөлмесін санитарлық – гигиеналық талаптарына сай жабдықталып, жатақхана іші, сырты және бөлмелердің тазалығын, мүліктердің сақталуын және төсек-жабдықтарының уақытылы (айына екі рет) ауыстырылып отыруын үнемі қадағалау жолға қойылған. Әр бөлмеде санитарлық талапқа сай антисептикалық бұрыштар қойылған, бөлмедегі мүлік тізімі жасалынып, көрнекі орынға ілінген.

Әр аптаның жұмасында колледж медбикесі жатақхана мен оның тұрғындарының санитарлық –гигиеналық жағдайын тексереді. Белгіленген жоспарға сәйкес, оқытушылар күнделікті сағ. 20⁰⁰ - 22⁰⁰ аралығында жатақханада кезекшілікті атқарады, әрі сол күндегі жағдайды жатақхана журналына ресімдейді.

Кәмелеттік жасқа толмаған білімгерлер саны: 2

Кәмелеттік жасқа толған білімгерлер саны: 1

5.12.Қамқоршылық кеңесі жұмысының орындалуы

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесі жұмысы ұйымдастырылған. 2020-2021 оқу жылына жоспарланған жоспар бойынша барлық қабылданған іс-шаралар мәжіліс отырыстары өтілді. Оқу орны басшысының 2019 жылы атқарған жұмыстарының есебі тыңдалып, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017- 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында оқып жатқан білімгерлердің және аз қамтылған отбасынан оқитындардың ыстық тамақ және басқада жәрдемақыларының қамтылуы, колледж инспекторларының 2019 жылы атқарған жұмыстары, оқу орнының материалдық базасын нығайту бойынша бюджеттік және ақылы негізде бөлінген қаржыландыру, дуальды оқыту жүйесі бойынша оқу үрдісінің

ұйымдастырылуы және студенттердің оқу өндірістік іс- тәжірибелерін өткізуде әлеуметтік серіктестерімен жасалған келісім шарттардың орындалуы, «Мәңгілік ел» идеясын іске асыруда қазақстандық патриотизмді студенттердің бойында қалыптастыру және «Болашақ бағдар - рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалалары аясында ұлттық құндылықтарды үгіттеу, «*Туған жер*» бағдарламасын ілгерілету және көптілікті игеруде «*Рухани жаңғыру*» оқу орталығы мен факультативтік курстардың жұмысы, құқықтық тәрбие және тәртіп бұзушылықтың алдын алуда атқарылған жұмыстары, колледж түлектерін алдын ала жұмыспен қамту сияқты кеңес отырыстары өтті .

6.«ЖАСЫЛ ЕЛ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ЕҢБЕК СЕМЕСТРЫ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР.

6.1. «ЖАСЫЛ ЕЛ» бағдарламасы

«Жасыл экономиканы» дамыту, қоршаған ортаның құрамдауыштары мен денсаулыққа антропогендік әсер етуді төмендету, табиғи экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру, қоршаған ортаның сапасын басқару жүйесін дамыту және жетілдіру мақсатында жоспардан тыс аудан көлеміндегі «Жастар ресурстық орталығы» ұйымдастырған іс-шараларға колледж волонтерлары үнемі қатысып отырды. «Жасыл ел» қоғамдық жұмысы бойынша жасақ құрылып, 3 ағым бойы колледждің 1-4 курс студенттері сабақтан тыс уақыттарында ақылы жұмыс істеді. Іс-шаралардың басым бөлігі елдегі эпидемиялық ахуалға байланысты, онлайн режимде жүргізілді. Карантиндік талаптар жеңілдетілгеннен бастап, іс-шаралар шағын топта талаптарға сай өткізілді. Жоспарға сәйкес 22 іс-шара, жоспардан тыс 37 іс-шара, жалпы алғанда 57 іс-шара өткізілді.

Яғни «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 2019-2020 оқу жылында 41% білімгер жұмыс жасаса, 2020-2021 оқу жылында 62 студент жұмыспен қамтылды. Нәтижесінде былтырғы оқу жылына қарағанда биыл 18% ға жоғарылаған

7. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫҢ «ТІЛ ТУРАЛЫ» ЗАҢНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ БОЙЫНША ЖӘНЕ ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУДІ НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ІС – ШАРАЛАР.

ҚР-ның «Тіл туралы заңының» орындалуы колледждің жылдық жоспарына енгізілген. «Тіл туралы заңның» орындалу барысында іс қағаздардың мемлекеттік тілде жүргізілуі, жаңа технологияны қолдана отырып, тілдерді оқыту барысында сапалы нәтиже көрсету, дарынды студенттердің шығармаларын колледжішілік, аудандық, облыстық газеттерге жариялау, баспа сөз беттерінде жарық көрген жаңа заң, мақалалармен танысып, әдістеме кеңесінде жариялау, ақын-жазушылардың мерейтойларын атап өту, ай сайын колледжде кітап көрмесін ұйымдастыру, тіл мамандарының уақытылы курстардан өтуі, колледж әкімшілігі мен бірлесе отырып қоғамдық жұмыстар жүргізу т.б. Колледждегі мәдени шаралар мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүргізіледі. Тілді дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның негізгі талабы білім сапасын арттыру болып табылады. Ал білім сапасын көтеру-студенттің білімін жоғары деңгейге көтеру осы мақсаттарды алға қоя отырып, жаңа технологиялардың қолданылуын, тәжірибе алмасу, тіл мамандарының күнделікті жұмыстары болып табылады. Колледждің жұмыс жоспарында тіл мәртебесін көтеру саласында көптеген іс-шаралар жоспарланған. Тілдер мерекесінің онкүндігіне байланысты он іс-шара жоғары деңгейде өтілді.

Тіл мамандары тарапынан қазақ тілі саласына байланысты бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалары жарық көрді.

8. ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ОҚУ - ӨНДІРІСТІК ІС – ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ.

Оқыту шеберханаларының жұмысы. Колледжішілік чемпионаттар ұйымдастыру.

Қазіргі таңда, колледжде 7 оқу шеберханасы және бір жабық алаң жұмыс істейді.

- Ағаш өңдеу шеберханасы.
- Слесарлық темір өңдеу шеберханасы.
- Электрмен пісіру, газбен дәнекерлеу шеберханасы.
- Тас қалау, сылақ-сырлау шеберханасы.

- Автомобиль транспорттарына техникалық қызмет көрсету шеберханасы
- Автомобиль жөндеу шеберханасы.
- Құрылыс, сантехникалық және газбен пісіру, электрмен

дәнекерлеу оқу-өндірістік алаңы, және құрылыс мамандықтарына арналған «Ресурстық орталық» жұмыс жасайды. 2020-2021 оқу жылының оқу процесінің кестесіне сәйкес шеберханада дуальды оқыту топтарына жоспарланған оқу тәжірибелері оқу процесінің 26. 01.2021ж. бастап аралас форматқа көшуіне байланысты сабақтар санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отыра, барлық қондырғы, құрал-жабдықтар мен станоктардың жұмыс жағдайлары тексеріліп, қолданыстағы базасы жасалынып, бекітілген. Шеберханада өткізілген оқу тәжірибелерінен 3 жылдың ТҚ бойынша таныстыру журналдары жабылып, жаңа оқу жылына әр мамандық бойынша арналып, беттеліп, түптеліп, арнайы қолмен, мөрмен рәсімделіп қойылған. Шеберханадағы әр қондырғыға биркалар мен жұмыс жағдайына байланысты арнайы табличкалары ілінген. Шеберлердің жұмыс жоспарлары, паспортизациялары мен өткізу-қабылдау актілері бекітілген. Сонымен қатар, барлық зертханаларда өткізілетін зертханалық жұмыстарға білімгерлерді жіберу жөніндегі ТҚ журналдары арналып, беттеліп, түптеліп, арнайы қолмен, мөрмен рәсімделіп қойылған. Оқу тәжірибелері өтетін барлық оқу кабинеттері мен оқыту шеберханаларында ТҚ ережесі мен мүліктер тізбесі жасалынып, бекітіліп, ілінген. Шеберхананың және ондағы шеберлердің міндеті- білімгерлерді өз мамандықтарына бейімдеу, сонымен қатар шеберліктерін шыңдау болса, бұл бағытта шеберхана ұжымы тарапынан біршама жұмыстар атқарылды. «Ағаш өңдеу»

